

ҚАЗАҚСТАН АҚПАРАТ

1.kz

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

e-mail: akparat-kz@mail.ru

№26-27 (471)
24 шілде
жұма
2015 жыл
Индекс: 64161

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ҚҰБЫРЛАРЫ ҮЙЛЕРГЕ КІРГІЗІЛУДЕ

Нұржан Әлібаев Арал ауданында газдандыру жұмысының қарқынына куә болды. Игі бастаманы жүйелі түрде сапасымен «ҚазТрансГазАймак» АҚ жұмысшылары қала көшелеріне газ құбырын жүргізіп, өздеріне жүктелген міндетті уақытылы әрі сапалы орындауға ден қойған. Қауіпсіздік жағын да басты назарда ұстаған жұмысшылар жобаны межеленген уақытта аяқтауға тырысуда. Бүгінде аудан орталығындағы бірнеше үйлер де газ құбырын кіргізуді бастады. Олар облыс басшылығына ризашылықтарын айтып, от жағып, күл шығармайтындарына қуаныштарын білдіруде. Тұрғындардың қуанышымен бөліскен облыс әкімінің орынбасары газ құбырын тарту мекемесіне жыл соңына дейін Арал қаласын толығымен көгілдір отынға қосуларын міндеттеді.

Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев Арал ауданына іссапары барысында ауданға қарасты ауылдарды аралады.

БІРҚАТАР НЫСАНДАР ТОЛЫҚҚАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Жаңақұрылыс, Жіңішкеқұм, Сексеуіл, Қосаман, Ақеспе елді мекендеріндегі және Арал қаласындағы әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысып, жаңадан бой көтеріп жатқан құрылыстардың жағдайын бақылады. Ауылдардың әлеуметтік жағдайы, халықтың тұрмыс-тіршілігі, өзекті мәселелер жөнінде елді мекендердің әкімдерімен пікірлесті.

Ақеспе елді мекеніндегі 20 орындық балабақшасымен қоса 50 орындық №237 мектептің қазіргі таңда екінші қабат тас қалау жұмыстары, сонымен қатар бірінші қабаттың сылақ жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл нысан үстіміздегі жылдың 15 тамызы күні беріледі деп күтілуде. Сексеуіл кентіндегі 100 келушіге арналған емхана ғимаратының ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар,

Жаңақұрылыс елді мекеніндегі 200 орындық мектеп құрылысының А және Б блоктарының екінші қабатқа тас қалау аяқталып, төбе жабу жұмыстары жүргізілуде.

Бірінші қабатта терезелері салынып, ішкі сылақтары да жүріп жатыр. Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев аталмыш құрылыс нысандарында болып, мердігер компания жетекшілеріне нақты тапсырмаларын берді.

Өңірге сапары барысында облыс әкімінің орынбасары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша қайта қалпына келтірілген тұрғын үйдің жөндеу жұмыстарының барысына да назар аударып, оң бағасын берді. Аудан халқының әлеуетін арттыру бағытында біршама қызметтер бар екендігін хабарлаған аудан әкімінің орынбасары Мұхтар Оразбаев қызмет сапасын одан әрі жетілдіруге күш жұмсайтындығын жеткізді.

Мария УМАРОВА

ФЕРРОКОРЫТПА ЗАУЫТЫНЫҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Феррокорытпа зауыты болаттай берік әрі сапалы өнім шығармақ. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреевтің төрағалығымен «Кешенді қорытпа шығаратын феррокорытпа зауытының құрылысы» жобасының қоршаған ортаға әсер етуінің алдын ала бағалау жайында қоғамдық тыңдауында айтылды.

кешенді қайта өңдеу Ұлттық орталығы» директорының орынбасары Мыңжасар Айсаяытов, «Қызылорда зауыты өнім берген кезде өте сапалы болат қорытпасын береді. Өйткені құрамында 0,2 пайыз ғана құрайтын алюминий, болат темірдің жоғары сапасына айналады. Қазіргі кезде мұндай жоғары сапалы болатты еліміз

сабағы да көп кәдеге жарайды екен. Яғни, өңделген сабаннан кремний көмірқышқыл мен алюминийдің аз мөлшері шығады. Ал егер өндіріске салса таза ферросилицийге қол жеткізуге болады.

Қоғамдық тыңдау қорытындысымен «Феррокорытпа зауыты» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер етуінің алдын ала бағалауының нәтижесі бойынша хаттамаға қол қойылды.

Сөз жоқ, аталған жоба жүзеге асуымен аймақ экономикасына оң әсерін тигізеді. Жаңа жұмыс орындары ашылып, бюджетке салық түсімі артады, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер пайда болады. Бұл жоба облыс халқы үшін өте жағымды жаңалық болғалы тұр. Негізінен металлургиялық кластер Қазақстанның жаңа тау-кен металлургиялық орталықтың қозғалтқыш күші ретінде Қызылорда облысын жасақтауға және сирек кездесетін металдарды экономикалық айналымға енгізуге мүмкіндігін береді. Зауыт салынып, іске қосылған жағдайда мұнда 700-ге жуық адам жұмыс жасайтын болады. Бүгінде «Феррокорытпа зауыты» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі дайын. Қазіргі таңда ж о б а л ы қ - с м е т а л ы қ құжаттамасы әзірленіп, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, құрылыс жұмыстары басталмақшы. Кәсіпорын құрылысы үшін бұрынғы ЦКЗ орнынан және Қызылорда ТЭЦ-не қарасты аймақтан 50 га жер учаскесі берілді.

Жадыра ЕСЕНЖОЛОВА



Бүгінгі күні «Байқоңыр» ЭКК «Қуаттылығы 162 мың тонна төмен алюминийлі ферросилиций шығаратын феррокорытпа зауыты» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындады. Осыған орай, жергілікті ғалымдар мен республикалық ұлттық орталықтан мамандар шақырылып қоғамдық тыңдау өткізілді. Мәжілісте мамандар жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің басты көрсеткіштеріне арнайы тоқталып өтті.

Жобаға атсалысып жатқан «ҚР минералды шикізатты

Франциядан алып жатыр», - дейді.

Ал, Ұлттық орталық бөлімшесінің лаборатория жетекшісі Әсем Тахамбетованың айтуынша, зауыт іске қосылған кезде шикізатты сырттан тасымалдамай, қажетіне жарайтын шикізат өнімдері аймақтың химиялық элементтерімен-ақ толығыады. Сонымен қатар, зауыт мұржасынан шығар шаң және газға арналған өте қауқарлы фильтр қаралып отырғанын жеткізді. Ол 99,9 пайызға жұмыс істейді және қалдық жылу энергиясына айналдыруға болады. Ғалымдардың айтуынша, дала қосында қалған күріш

Облыс әкімдігінің мәжіліс залында Еуропалық Одақтың «Қазақстанның өңірлік дамуы» жобасы аясында конференция өтті. Оған «Қазақстанның өңірлік дамуы» жобасының жетекшісі Колм МакКлементс, Қызылорда облысының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова, ҚР Ұлттық экономика министрлігі өңіраралық ынтымақтастық, өңірлерді талдау және бағалау департаментінің басшысы Сәуле Махатаева қатысты. Жоба сарапшылары 2016-2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламасын әзірлеуге бағытталған өз жұмыс нәтижелерін ұсынды.

ӨҢІРЛІК ДАМУҒА МАҢЫЗ БЕРІЛДІ

Қатысушылар конференция барысында облыстың түрлі бөліктері арасындағы айырмашылықтарды айқындау және болашақ мақсаттар мен мемлекеттік қаражат бөлінетін іс-қимылдарды белгілеу үшін облыстағы экономикалық және әлеуметтік жағдайға талдау жүргізудің үздік жолдарын талқылады.



«Өңірді дамыту мемлекеттік әкімшіліктің түрлі деңгейлері, азаматтық қоғам және экономикалық мүдделі мекемелер арасындағы күшті серіктестікті талап етеді. Мен Қызылорда өз облысын ғана емес, сонымен қоса серіктес облыстарды да өз тәжірибесімен таныстыруға деген құштарлығына әсерлендім», - деді «Қазақстанның өңірлік дамуы» жобасының жетекшісі Колм МакКлементс.

2015 жылы сәуірде басталған Еуропалық Одақтың жобасының қолдау бағдарламасы Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының жұмысын қолдауға бағытталған. Жоба аясында Қызылорда облысының әкімдігі Аумақтарды дамыту бағдарламасының жақсартылған үлгісін алады. Аталмыш жобаны сарапшыларының қолдауы алдағы бес жыл көлемінде Аумақтарды дамыту бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын анықтауды қамтиды. Осының шеңберінде балық шаруашылығын және күріш өсіруді дамыту жөніндегі жоспарларды, сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешендердің бәсекеге қабілеттігін арттыруға серпін беріледі. Бұнымен қоса, алдағы жылы облыс үшін «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің қандай пайдасы болатындығын анықтау міндеті тұр. Айта кетейік, жобаны Еуропалық Одақ қаржыландырады.

М.ОМАРҚЫЗЫ

«ҚАЙСАР» ФУТБОЛ КЛУБЫНА ТАҒЫ КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС ЕНДІ


«Қайсар» футбол клубындағы кадрлық өзгерістерге байланысты облыстық әкімдікте журналистерге арналған баспасөз мәслихаты өтті.

Баспасөз мәслихатына Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, облыстық футбол федерациясының президенті Нұржан Әлібаев, Облыстық Дене шынықтыру және спорт баскармасының басшысы Садық Мұстафаев, сондай-ақ «Қайсар» футбол клубының бас бапкері Дмитрий Огай қатысты.

- Команданың ел чемпионатындағы нәтижелерінің төмендігі үшін бүгіннен бастап «Қайсар» футбол клубының бас бапкері Дмитрий Огай, клуб директоры Руслан Балтиев және команда басшысы Евгений Веретнов өз еріктерімен қызметтерінен босатылды. Өздеріңіз білесіздер, Дмитрий Алексеевич команда тізгінін қолына 2014 жылдың басында ұстаған болатын. Былтыр «Қайсар» Қазақстан Премьер-лигасына қайта орала салып, үздік бестіктен орын алды. Алайда биылғы маусым сәтті болмай тұр. 21 турдан кейін 17 ұпаймен 10-орында келеді. Сондықтан, облыс басшысымен ақылдаса келе клубқа өзгеріс енгізуді жөн көріп отырмыз. Біз Дмитрий Огай, Руслан Балтиев және Евгений Веретновтың алдағы қызметтеріне сәттілік тілейміз, - деді Нұржан Нұрмағамбетұлы.

- **Енді команданы кім жаттықтырады?**

- Бізге қазір 2-3 жаттықтырушыдан ұсыныстар түсті. Қарап жатырмыз. Жаңа бас бапкер белгілі болғанда арнайы баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, көпшілікке таныстыратын боламыз. Өзірге команданы уақытша Сұлтан Әбілдаев баптайды. Жергілікті маман, осы уақытқа дейін командада физдайындық жөніндегі жаттықтырушы болып келді. Ал клубтың директоры қызметін осы кезге дейін орынбасар болып келген Әлназаров Жанабек Шәріпбайұлы атқарады.



- **«Қайсардың» биыл үздік алтылыққа шыға алмасы белгілі. Ендеше жаңа бапкердің алдына қандай талаптар қоясыздар?**

- Әлбетте, биылғы басты мақсат — енді Премьер-лигадан шығып қалмау. Жаңа жаттықтырушының алдына команданы келесі маусымға тыңғылықты дайындау тапсырмасы қойылады. «Қайсардың» әлеуеті Премьер-лигадағы орнын сақтап қалуға жетеді. Иә, адамдар ауысқанымен команда өзгермейді. Қызылорда облыстық футбол федерациясы өз жұмысын одан әрі жалғастыра бермек. Бірінші лигада «Байқоңыр» футбол клубы бар. Биыл ғана үлкен додаға түсіп отыр. Дегенмен, осы команданың ойыншылары өздерінің мықтылықтарын дәлелдеп, «Қайсардың» сапын толықтырып отырады деп үміттенеміз. Сондай-ақ, былтыр қалада әуесқой футболшылардың Шағын футбол лигасы құрылды. Қазір өте жоғары деңгейде өтіп жатыр.

Бас бапкерге сұрақ.

- **Дмитрий Алексеевич, басқа клубтардан ұсыныстарыңыз бар ма?**

- Біріншіден маған сенім артқан облыс басшылығына алғысымды білдіремін. Бірақ биыл үміттерін ақтамадық. Жауапкершілікті мойныма аламын және команданың алдағы ойындарына сәттілік тілеймін! Ал ұсыныстарға келер болсақ, бүгінге дейін «Қайсар» футбол клубының бас жаттықтырушысы болғандығымнан өзге командалардан ұсыныстар болған жоқ және ол жайлы сөз қозғау да дұрыс емес деп есептеймін.

Азиз ОРАЗБАЕВ

Қала әкімі Н.Нәлібаев, Қызылорда облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Р.Нұртаевпен бірге ауа-райының қатты ысып тұрған шағында ауыз су мәселелерін болдырмау және сапасын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен танысу үшін қала көлемінде орналасқан су тоғанындарын аралады.

ТАЗАЛЫҚ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙДІ

Осы уақытқа дейін қала тұрғындарының басым бөлігі тиісті технологиясына сәйкес арнайы сүзгілер арқылы тазартылатын Сырдария өзенінің суын пайдаланып келсе, бүгінгі таңда жер асты суларын пайдалануға қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Бұл мақсатта «Қызылорда қаласындағы ауыз су және кәріз су жүйелерін, ғимараттарын қайта жаңғырту және кеңейтудің 2015 жылға дейін» жобасы бойынша 2013 — 2014 жылдар аралығында барлығы 3 млрд. 958 млн. 49 мың теңгеге құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілсе, 2015 жылы бұл жұмыстарға 3 млрд. 617 млн. 279 мың теңге қаржы қаралған.

Атап айтқанда, 2013 жылы 3 млрд. 434,0 млн. теңге қаржыға:

- 12,9 шақырым ауыз су жүйесі қайта жаңғыртылды;
- 506 дана су есептегіш құралдары орнатылды;
- 4,6 шақырым кәріз су жүйесі қайта жаңғыртылды;
- 21 дана «Арай, Қызылжарма және Мұнайшы» су тоғандарын қайта жаңғырту және кешенді су бұрғылау ұңғымалары, 3 дана қосалқы ұңғыма бұрғылау және 1 дана қайта бұрғылау жұмыстары жүргізілсе, 2014 жылы 524,77 млн. теңге қаржыға:
- 0,6 шақырым ауыз су жүйесі;
- 0,6 шақырым кәріз су жүйесі қайта жаңғыртылды;
- «Қызылжарма, Мұнайшы» су тоғандарының қайта жаңғырту құрылыс жұмыстары толық аяқталды;

- «Степь» су тоғанында жаңадан 14 дана су ұңғымалары бұрғыланды.

Ал, биылғы жылы осы бағыттағы жұмыстарға 3 млрд. 617,279 млн. теңге бөлініп:

- 22 дана су бұрғылау ұңғымалары бұрғылануда;
- 22,0 шақырым су тартқы жүйесі;
- 3,31 шақырым кәріз су

тұтынатын азық-түлік, көкөніс пен жеміс-жидектердің сапасын қадағалауға бағытталған, қала әкімдігі мен облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бірлескен комиссия жұмысымен танысты.

Базарға келген тұтынушылар сатып алған өнімдерін базар аумағында жұмыс жасап тұрған санитарлық-сараптама

жүйесі қайта жаңғыртылуда;

-«Степь», «ҚІБ», «Сексен-баев», «Мерей», «Бас су тоғаны» секілді 5 дана су тоғандарын қайта жаңғырту, оның ішінде 4 дана

орталығының мамандары арқылы тегін тексеруге мүмкіндік алды.

Санитарлық-сараптама орталығының негізгі міндеті



2 мың текше метрлік су жинау қоймасы, 2 көтерме насос станциясы, 5 дана электр тарату станцияларының құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

«Атқарылып жатқан жұмыстардың барлығы жеке бақылауымда болады» - деген қала әкімі адамдардың денсаулығы ауыз суға тікелей байланысты екендігін, сондықтан бұл мәселеге немқұрайлық танытуға болмайтындығын айтып, мамандарға арнайы зертханалар арқылы судың сапасын үнемі бақылап отыруды тапсырды.

Келесі кезекте қала әкімі Н. Нәлібаев қала орталығында орналасқан «Сыбаға» базарында болып тұрғындардың көп

бақша өнімдерінен экспресс анализдер алу арқылы нитраттарды анықтау-бұл тұтынушылар үшін аса қажет.

Сонымен бірге базар маңындағы бей-берекет сауданы және заңсыз тұрақтарды реттеу, төтенше жағдайлардың алдын алу, санитарлық талаптар сақтау мақсатындағы жұмыстарды шұғыл ретке келтіру жөнінде тиісті салаларға тапсырмасын беріп, базар егелеріне ретсіз орналасқан сауда нүктелерін жөнге келтіру, қала тұрғындарына және саудагерлерге барынша жайлы жағдайлар жасау үшін жабық сауда орталықтарын салу қажетігін баса айтты.

Р.ҚАЙЫПНАЗАР

Қала әкімінің төрағалығымен «Қызылорда қаласындағы жалпы аумағы 500 гектар Астана ауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына түзетулер енгізу» жобасын талқылау мақсатында мәжіліс отырысы өтті.

жағалауында демалыс аймақтарын ұйымдастыру болып табылды.

Қаламыздағы жалпы аумағы 500 гектар «Астана» ауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17

жобасына 2015 жылдың басында өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін қажетті қаржы көздері қарастырылып, 2015 жылы 31 наурыздағы қалалық маслихаттың XXXXI сессиясында «Қызылорда қаласындағы жалпы аумағы 500 гектар

түзетулер енгізу» жұмыстарына 10,0 млн. теңге қаржы көздері қарастырылып, ашық конкурс жарияланды.

Нәтижесінде, Қызылорда қаласы, «ГИИЗ» ЖШС-імен келсім шарт жасалып, жұмыс толығымен аяқталды.

ҚАЛАМЫЗДЫҢ СӘУЛЕТІ СӘТ САЙЫН АРТАДЫ

Мәжіліске облыстық басқармалар және қала әкімдігіне қарасты бөлімдерден тиісті сала басшылары қатысты.

Мәжіліс барысында «Астана» мөлтек ауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына түзетулер енгізу жұмыстарын жүзеге асырушы «Урбостиль» ЖШС-ның директоры Нысанбаева Любовь Владимировна баяндама жасап, атқарылып жатқан және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардың нақты жоспарымен таныстырды.

Аумағы 500 гектар «Астана» ауданының түбегейлі жоспарлау жобасы 2010 жылы «Урбостиль» жобалау-құрылыс фирмасымен әзірленіп, 23.12.2010 жылы № 975 қаулысымен бекітілген.

Жобаның басты мақсаты - Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойында әкімшілік-қоғамдық орталық қалыптастыру арқылы «Астана» ауданының көлемдік-кеңістіктік және сәулеттік-көркемдік шешімдерін әзірлеу, сондай-ақ, Сырдария өзенінің

шілдедегі №1087 қаулысымен бекітілген Қызылорда қаласының бас жоспары негізінде дайындалды.

Жалпы қазіргі уақытта Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойында қаланың жаңа орталығы қалыптасып отыр. Бұл ауданда қаланың тұрақты дамуына оң әсерін тигізетін маңызды объектілер салынған.

Айта кетсек облыстық мекемелер үйі, «Ақмешіт» мешіті, «Сырдария» ауданындағы 5 қабатты тұрғын үйлер, 1 мың 248 орындық мектеп, 500 орындық қазақ-түрік лицейі, перинаталдық орталық, «УМГ Қызылорда» магистралдық газ құбырлары басқармасының ғимараты, Назарбаев Зияткерлік мектебі, 320 орындық балабақша құрылыстары бітіп, пайдалануға берілді. Бұл аталған құрылыстар бекітілген қала құрылыстық құжатқа 500 гектар түбегейлі жоспарлау жобасына сәйкес жүргізілген.

Астана егжей-тегжейлі жоспарлау

болатын Астана ауданының топографиялық түсірілімін жасау» жұмыстары үшін қалалық бюджеттен 5,0 млн. теңге және «Қызылорда қаласындағы жалпы аумағы 500 гектар Астана ауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына



«Қызылорда қаласындағы жалпы аумағы 500 гектар Астана ауданының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына түзетулер енгізу» жұмысы бойынша Алматы қаласы, «Урбостиль» ЖШС-імен келісім шарт жасалып, оны аяқтау жұмыстарын осы жылдың тамыз айының соңына дейін межеленуде.

Аталған жобамен келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

- бастапқы жыл — 2015 жыл;
- бірінші кезектегі құрылыстар — 2015 жыл;
- есепті кезең — 2022 жыл.

Жобаланған аудан Қызылорда қаласының оңтүстік бөлігінде орналасып, оңтүстік жағында Тасбөгет кентімен, солтүстік жағында Ипподроммен, батыс жағында Сырдария өзенімен және шығыс жағында қалалық маңызы бар Жібек Жолы көшесімен шектесіп жатыр.

Р.ҚАЙЫПНАЗАР

ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР АРАСЫНДА ӨТКЕН САЙЫСҚА ҚАТЫСТЫ

ҚР Ішкі істер Министрінің орынбасары В.К.Божконың тапсырмасына орай Қызылорда облысының жас құтқарушылары Беларусь Республикасында өткен ХІІІ Халықаралық жас құтқарушылар сайысына қатысты.

Беларусь еліндегі Гомель қаласында Қызылорданың жас құтқарушылары Қазақстан атынан қатысып бақ сынап, елімізді паш етті. «Жас құтқарушы» үйірмесі Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы колледж жанынан құрылған болатын. Үйірменің басты мақсаты — жасөспірімдер арасында құтқару жұмыстарына қабілеттілігін арттыру, салауатты өмір салтын сақтау болды. Үйірменің ұйымдастырушысы және жетекшісі аталмыш колледждің оқытушысы Айбек Сұлтанбеков. ҚР ПМ ТЖК-нің шақыртуымен колледж командасы республикалық, халықаралық спорттық іс-шаралар мен жас құтқарушылар сайыстарына қатысып, бірнеше рет жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Команданың жетекшісі А.Сұлтанбеков, команданың жаттықтырушысы №11 өрт сөндіру бөлімінің күзет бастығы өртке қарсы қызмет капитаны

Б.Бакенов және тәрбиеші-дәрігер М.Нұржаубаева жас құтқарушылардың дайындығына баса назар аударды. Аталмыш команданың жетекшісі, «Абылай хан» атындағы колледждің оқытушысы А.Сұлтанбеков балаларға адам



өмірін құтқаруға тәрбиеледі. №11 өрт сөндіру бөлімінің күзет бастығы өртке қарсы қызмет капитаны Б.Бакенов жасөспірімдерді өрт-қолданбалы спортына жаттықтырды. Нәтижесінде «Абылай хан» атындағы колледждің, «Жас құтқарушылар» клубының оқушылары - М.Куаныш, О.Өтеген, Р.Шазында, Ә.Мажай,

Г.Шегебаева, Б.Токсанбай, Н.Малдыбаев, А.Смағұловтар құтқару сайысы кезінде өздерін жақсы жағынан көрсетіп, халықаралық жас құтқарушылар арасында намысты қолдан бермей, 4 орынды иемденді.

Сайыс бағдарламасы 6 байқаулық кезеңнен болды.

Байқаулық бағдарлама: «Команданы таныстыру».

Шығармашылық музыкалық-театрландырылған тұсаукесер қойылымы, ұзақтығы 10 минуттан аспауы керек. Командалар өз елі, мекемесі, жас құтқарушылардың қызметі туралы әңгімелеуі керек. Мұнда облыс командасы 5 орын алды.

Байқау: «Саяхаттық өткелден өту».

Командаларға келесі бетке жүкті өткізеді. Бұнда команда 3 орынды иемденді.

«Өрт эстафетасы» кезеңі. 6 адамнан тұратын команда құрамы қолына берілген өрт оқпанын старт орнынан бастап, келесі топ мүшелеріне беру арқылы мәре сызығына жетті. Бұл сайыста 1 орынды иемденді.

«Медициналық алғашқы көмек көрсету және құралдарды тасымалдау» кезеңінде жарақат алған адамға медициналық ал-

ғашқы көмек көрсетіліп, адамдар мен құралдарды 500 метрге дейін қашықтыққа тасымалдады. Осы сайыста қызылордалық жас құтқарушы 4-орынды иеленді.

«Спортландия» сайысында өкінішке орай «Абылай хан» атындағы колледжінің командасы 8 орын алды.

Қатысушылар екінші қабаттан арқанмен төмен қарай түсті. Барлық қатысушылар түгел

бойынша 15 команда қатысқан шара барысында 1 орынды — Ресей командасы, 2 орынды Беларусь командасы, 3 орынды Литва командасы, 4 орынды — Қазақстан Республикасынан барған Қызылорда қаласы «Абылай хан» атындағы колледж командасының жас құтқарушылары иеленді.

Жас құтқарушыларды облыстық төтенше жағдайлар департа-



төменге түскенде сайыс аяқталды деп қорытындыланды.

«Қабырға газеті» сайысында әділ қазылар ақпараттың сюжеттілігін, шығарманың бейнелілігін, тұсаукесер сапасын және өзектілігін сарапқа салды.

Жалпы командалық есеп

ментінің ұжымы жеңімпаз болуымен құттықтайды. Алдағы уақытта да ашық аспан астында жеңіс тұғырынан көрініп, зор денсаулықта болуына тілектеспіз.

А.НҮРМАНОВА

ҚОЛ СОЗҒАН ЕРТЕҢГЕ

Құрылыс саласының қарқынды дамуы көпшілік үшін таңсық емес. Айналаға қараған сайын кей кезде апта, кей-кезде ай санап биіктей түскен нысандарды көргеннен бойымызды қуаныш оты билеп үлкен әсерде қалармыз хак.

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Майра Барақбаева БАҚ өкілдеріне брифинг өткізді. Жиында Елбасының «ҰЛТ Жоспары-100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасы сөз болды.

Елбасының «Ұлт Жоспары-100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты бес институттық реформасының 46,48-қадамында «Құрылысқа рұқсат алудың 3 сатылы қағидасы» мен, «Құрылыстың сметалық құнын анықтаудың ресурстық әдісін енгізу» жайында айтылады. Сонымен қатар, 49-қадамында «Кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына Еуроодақтар жүйесін енгізу» төңірегінде баяндалады. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісіне сәйкес құрылыс бастауға рұқсат беру индикаторы бойынша, өткен жылы мемлекетіміз 152-орынды иеленсе, биыл 154-орынға тұрақтады. Осыған орай алдағы жылы «Doing Business» рейтингісіндегі құрылысқа рұқсат беру индикаторы бойынша мемлекетіміздің ұстанымын жақсарту жоспарлануда.

Бес институттық реформаға сәйкес, рұқсат алуды оңтайландыру және құрылысқа рұқсат алудың үш сатылы қағидаты енгізілді. Жалпы бұрын құрылысқа рұқсат алу тәртібі 25 рәсімнен тұрып, кемінде 183 күнді талап ететін. Ал қазір қолданыстағы заңнама талаптарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес бұл тәртіп 7 рәсімнен тұрып, құрылысқа рұқсат алу 16 күннің ішінде жүзеге асырылады.

Ресурстық әдіспен құрылыстың сметалық құны анықталып, құрылыста баға қалыптастырудың жаңа әдісі енгізіледі. Сонымен қатар, жаңа материалдармен, жабдықтармен және технологиямен сметалық-нормативтік базаны жедел жаңарту қамтамасыз етіледі.

2015 жылдың ішінде айынан бастап Қазақстанда Еуроодақтар жүйесінде негізделген жаңа нормативтік база қалыптастырылды. Нормативтік база бойынша, кеңестік кезеңнен бері қолданылып келе жатқан құрылыстың ескірген нормалары мен ережелерінің орнына жаңа нормативтік базаларды енгізу жұмыстарын толықтай 2021 жылға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Алихан ТАСҚАРА

«Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалында ақпараттық-насихаттық топ мүшелерінің қатысуымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт Жоспары — 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты институционалдық бес реформа аясында кеңейтілген жиын өтті.

АНТ МҮШЕЛЕРІ ҰЛТ ЖОСПАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Мұхтар Оразбаевтың жүргізілуімен өткен жиында «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» басшысы, облыстық ақпараттық-насихаттық топ мүшесі Еркебұлан Бекжанов «100 нақты қадам» бағдарламасының елімізде жүзеге асырылуын баяндады. Басқарма басшысы жаңа ұлт жоспарындағы кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесіне баса мән берілгенін атап өтіп, мемлекеттік қызметке байланысты реформалардың шешуші бағыттары туралы сөз қозғады. Мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың оны кәсібилендіруді қарастырып, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардың күшейтілетіндігін мәлімдеді.

Өз кезегінде аудан әкімінің орынбасары М.Оразбаев барлық атқарушы органдардың алдында Мемлекет басшысының Ұлт жоспарын бойынша 5 реформаны сатылап жүзеге асырып, нақты жетістіктерге қол жеткізу міндеті тұрғандығын жеткізді. Жиын барысында қатысушылар «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамды»

жүзеге асыру мәселесі бойынша түрлі пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.



«МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК» АКЦИЯСЫ



Қызылорда облыстық корей, татар этномәдени бірлестіктері мен «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйіне барып, қайырымдылық дастарханын жайды.

Этномәдени бірлестік өкілдері әр интернат тұрғынының жанында болып, олармен әңгімелесіп, сыр бөлісті. Корей этномәдени бірлестігінің өнерпаздары қызмет алушыларға арнап өнер көрсетті.

Қызмет алушылар жүрегі мейірімге толы жандарға бар ықыластарымен ризашылықтарын білдірді.

Айгүл САҒЫМБАЙ



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

**ҚҰРМЕТТІ АБОНЕНТ!**iD Net-тен 100 Мбит/с **турбо жылдамдықты** қос!

Тінтуірді бір басып, iDNet тарифтік жоспарыңыздың шартын жақсартыңыз! Кез келген уақытта www.idport.kz порталындағы Жеке кабинетіңізге кіріп, «Турбожылдамдық» сервисін пайдаланыңыз және жылдамдығы секундына 100 Мбит/с ұшқыр интернетке қол жеткізіңіз!

Өзіңізге қолайлы опцияны таңдаңыз:

«Тәулік» — 100 теңге;

«Түн» — 70 теңге;

«6 сағат» — 50 теңге.

Сервисті пайдалану бойынша абоненттік төлем айдың соңында жалпы шотқа қосылатын болады.

Толығырақ 160 телефоны бойынша.

Қазақтелекомнан «Ата-ана бақылауы (ChildWebGuardian PRO)» бағдарламалық жасақтамасын жалға ала отырып, сіздің қол жеткізетінін:

Электрондық поштаны тазалау, белгілі бір сайттарды құлыптау және басқа да көптеген мүмкіндіктер

Қызметтің құны айына 400 теңге

Аталмыш қызмет ақысын Қазақтелеком терминалдарынан ««Кошелёк(Prepaid-счёт)» түймешесін басу және әрі қарай толтыру ... немесе era.y.kkb.kz сайты арқылы төлеуге болады.

Әрі қарай www.idport.kz жеке кабинетіне өтіп, «Программалық қамтамасыз етуді жалға алу» белгісін басу және керек қызмет түрін таңдап ... нақтылау түймешесін басу керек.

Анықтама телефоны 160

№11000766 лицензияны Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті 06.05.2011 жылы берген.

ЗАҢ ЖӘНЕ АДАМ

Прокуратурамен жүргізілген тексерулердің нәтижелерімен жергілікті атқарушы органдармен мүгедектердің кәсіпкерлік құқықтарын жүзеге асыруға көрінеу кедергі жасау түріндегі заңсыздықтар анықталды.

Тауарларды өндіретін және тауарларды беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардың тізбесі және олардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесі бекітілген.

Мұндай тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыру мәтінінде мемлекеттік сатып алу тек қана тиісті мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Алайда, Қызылорда қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен бұл заң талаптары сақталмай, осы санатта жүргізілетін жұмыс түрлері бойынша конкурс қоғамдық бірлестіктер мен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдар арасында жүзеге асырылатыны көрсетілмей, жалпы кәсіпкерлер арасында жарияланған.

Прокуратурамен енгізілген қадағалау актілерінің нәтижесінде 487 млн.теңгенің мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы 8 хабарламаларының күштері жойылды.

Нақ осы тектес заңсыздықтар Қазалы ауданында, яғни аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Әйтеке би кенті әкімдігі, Басықара, Сарыбұлақ, Мұратбаев, Арықбалық ауылдық округтерінің әкімдіктері тарапынан орын алған. Сондықтан 98 млн. теңгеге 8 конкурс хабарламаларының күші жойылды.

Одан бөлек, 2,5 млн. теңгеге өткізілген 3 конкурс қорытындысының күші жойылып, мүгедектердің құқықтары қорғалған.

Нақтыласақ, жалпы үлгідегі мүгедектер мен қарттарға арналған интернат үйінің лауазымды тұлғаларымен төсек тыс орындарын сатып алуға конкурс өткізу барысында «Саңыраулардың қазақ қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «№3 Алматы» оқу-өндірістік кәсіпорнының конкурстық өтінімін заңнамамен қаралмаған негізбен бас тартып, құқықтарын іске асыруға көрінеу кедергі келтірген.

Прокурорлық қадағалау актісінің нәтижесінде аталған шешімнің күші жойылып, конкурс қайта өткізілуде. Комиссия мүшелерінің жауаптылықтарын қарау жөнінде прокурорлық қадағалау актісі енгізілді.

Б.СЕЙПОВА

АНАСЫН СЫЙЛАМАҒАН АРСЫЗДЫҢ ЖАЗАСЫ

Құқық бұзушы С.И. үйіне келіп, анасы А.Ж.-ға қарсы ар-намысына тиетін балағат сөздер айтып, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық білдіретін іс-әрекеттерді жасаған.

Құқық бұзушы С.И. әрекеті өз кінәсін толық мойындап берген жауабымен қатар, іс-құжаттарына тіркелген анасының арызы және түсінігімен, полиция қызметкерінің мәлімдемесімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасы және істің басқа да құжаттарымен өз дәлелін тапты.

Құқық бұзушы кінәлі деп танылып, оған әкімшілік жаза ретінде ескерту жасалды.

Соттың қаулысы заңды күшіне енген.

Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының баспасөз қызметі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасы аясындағы «Кәсіпкерлік әлеуетін күшейту» төртінші бағыты бойынша қызмет көрсетуге Қазақстан Республикасы азаматтарынан іріктеуге өтініш қабылдау басталғандығын хабарлайды.

Өтініштер 2015 жылдың 30 шілдесі сағат 18.00 дейін қабылданады.

Іріктеуге қатысуға өтініш формасы мен шарттарын Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы офисінен алуға болады: Айтеке би көшесі 28 немесе cvpalatako@bk.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Кәсіпкерлер палатасындағы Байланыс тұлғасы — кадр бойынша маман Боранбаева Б. Тел. 400874, 400873

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Жаңақорған, Шиелі, Арал аудандық филиалдарына :	Аудандық деңгейдегі менеджер-кеңесшілерге қойылатын жалпы талаптар:
Сервистік қызмет көрсету бойынша:	1. Жоғары білім; 2. мамандандырылған қызмет көрсету бойынша 1 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы; 3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі; 4. компьютерлік сауатының болуы.
1. Бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу, сондай-ақ статистикалық есеп жасау бойынша менеджер-консультант. 2. заңгерлік қызмет көрсету бойынша менеджер-консультант. 3. Қызмет көрсету орны — Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Жаңақорған, Шиелі, Арал аудандық филиалдары	Аудандық деңгейдегі тренерлерге қойылатын жалпы талаптар:
1. бизнес тренер. Қызмет көрсету орны — аудандар мен облыс орталықтары	1. экономикалық немесе құқықтық жоғары білімінің болуы; 2. кәсіпкерлік негіздерін оқыту тренингі бойынша 3 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы, кеңес беру қызметі бойынша 2 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы; 3. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі; 4. компьютерлік сауатының болуы; 5. Оқытушылық қызметпен айналысқан тәжірибесі құпалады.

Ескерту: барлық менеджер-кеңесшілер шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар (Бизнестің жол картасы — 2020, Жұмыспен қамту — 2020 жол картасы, Агробизнес — 2020, Өнімділік — 2020, Экспорт - 2020) бойынша кеңес беруге құзыретті болуы тиіс.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ


тасқыны.

Селдің туындау себептері болып температурадың көтерілуі, қар және мұздықтардың қарқынды еруі, өзен суларының тез көтерілуі, жауын — шашын, арналарды көшкіндермен, үйінділермен, сынықтармен, су деңгейін белгілі бір деңгейге дейін көтерілуіне себепкер болатын қиратқыш сипаттағы бөгеттер және басқалар болып табылады.

Үлкен мықты соққы күшіне ие су тасқыны өз жолында гидротехникалық және басқа да ғимараттарды, құрылыстарды қиратады, сондай — ақ өзендердің ағысы мен ұзындығын қатты өзгертеді екен.

қосылыпты. Бұл туралы қала әкімі Ахметжан Есімов төтенше жағдайға байланысты өткен Алматы қаласы мәслихатының төтенше сессиясында депутаттарға айтып берді. Алматыда бірнеше күн бойы +40 градустан төмендемеген ыстықтың ақыры 3600 метр биіктіктегі ауа температурасын 11 градусқа дейін жылытқан. Сол жылудың салдарынан еріген мұз қыртыстарының қойыртпаққа толы бір тасқынының беті қайтты. Қауіп сейілді.

Зардап шеккен тұрғындарға төтенше жағдайлар департаменті арқылы 2 миллиард теңге бөлінгені туралы осы мәслихат барысында айтылды. Қазір полиция әлеуметтік желіде «Сел қайталаңады» деген хабарды таратқандарды іздестіру үстінде. Қалалық ішкі істер департаментінің өкілі Салтанат Әзірбек жедел өткізілген баспасөз мәслихатында фейгті видео салған беймәлім интернет пайдаланушының іздестіріліп жатқаны туралы атап айтты. «Қорыққанға қос көрінеді» дегендей онсыз да зәресі ұшқан халықтың назарына таудан құлай ағып, авто көліктерді жанқадай іліп алып кеткен алапат тасқын-



Алматыдағы селге қатысты соңғы таратылған мәліметтерге қарағанда апатты аумақтан 900-ге жуық адам көшіріліпті. Апатты аумақта тынбай жұмыс істеген құтқарушылар мен полиция қызметкерлерінің саны техника жүргізушілерді қосқанда 1196-ға жетті. Бұл туралы egemen.kz хабарлады. Бірақ, қалада түске дейін Қарғалы бөгетіне таудың басқа аңғарынан келіп қосылған сел туралы да өсек-аяң басылмай тұрды. Расында да тау бөктеріндегі мұздың жылжуынан пайда болған таужыныстарынан жиналған қойырпақ көл (морена) төмен ағып, Қарғалы өзеніне

видео қала тұрғындарын бей-жай қалдырмағаны сөзсіз. Сөйтсе, ол тау табиғаты мен қос-қабаттан салынған үйлері ұқсас Қарашай-Черкес елінде болған бұрынғы селдің ұқсас бейне көрінісі екен. Жалған хабар таратқандар ұсталса, сот арқалы 2- 5 жылға дейін абақтыға жабылады. Төтенше жағдайдың мән-жайымен танысу үшін Алматыға Астанадан Премьер - министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев пен ішкі стер министрінің орынбасары Владимир Божко жедел ұшып келді. Олар жұртшылықты сабырға шақырумен қатар көмектен де құр алақан қалмайтынын ескертті.

НІЛ ӨЗЕНІНІҢ СУЫ

Хазірет Омардың “радиаллаһу анһ” заманында Мысырдың халқы өмірлері болған хазірет Амр бин Асқа келіп:

“Ніл өзенінің бір әдеті бар. Бұл әдеті орындалмаса, суы тартылып қалады. Осы айдан 12 күн өткеннен кейін, бір қыз табамыз. Жанұясына ақша беріп разылығын алып, ол қызды әдемілеп, сәндеп Ніл өзеніне лақтырамыз” дейді.

Амр бин Ас: “Ислам бұрынғы бұрыс әдеттерді жойған” деп қабыл етпейді. Осыдан 3 ай өтіп Ніл өзенінің суы халықтың айтқанындай тартылып қалады. Ніл өзенінің айналасындағы Мысыр халқы көше бастайды. Бұл жағдайды көрген Амр бин Ас хат жазып, жағдайды хазіреті Омарға баяндайды. Хазіреті Омар хатты оқып былай деп жауап береді:

«Олардың әдеттерін орындамағаның дұрыс болған. Хаттың ішіндегі қағазды Ніл өзеніне таста.»

Хаттың ішіндегі қағазда былай деп жазылған еді: «Аллаһтың құлы Омар бин Хаттабтан Ніл өзеніне! Егер бұдан бұрын өзім ағып тұрған едім деп ойласаң, ақпа! Егер де сені жалғыз және қанһар болған Аллаһу тағала ағызған болса жалғыз және қанһар болған Аллаһу тағаладан сені ағызуы үшін дұға етемін, ағызуын сұраймын...»

Амр бин Ас ол қағазды Ніл өзеніне тастайды. Ертеңіне су аға бастайды және бұдан кейін еш тоқтамайды.

ЖӘННАТ ТІЛІ

«Арабәріптері де кирилл, латын және қытай әріптері сияқты адамдар тарапынан шығарылған. Араб тілі де орыс, ағылшын және қытай тілдері сияқты бір ұлттың тілі, қасиеттілікке еш қатысы жоқ. Сондықтан, намазда әркім Құран аудармасын өз тілінде оқуы керек» делініп жатады. Бұл қате емес пе?

Әлбетте қате. Арабтар, парсылар және одан мың жыл бұрын Османлылар қолданған әріптер араб әріптері емес, Ислам әріптері болып табылады. Араб тілі — жәннат тілі. Жәннатта қолданылған жазу да арабтар қолданып жүрген Ислам әріптері. Араб сөзі сөздікте «әдемі» деген мағынаны білдіреді. Араби (араб тілі) — әдемі тіл деген сөз. Араб ұлтына қатысы жоқ.

Әр тіл адамдар тарапынан шығарылды. Ал араб тілі адамдар жаратылудан бұрын да бар еді. Алғашқы адам болған Адам алейһиссалам жәннаттың барлық жерінде «Лә илаһә иллаллаһ» деп жазылғанын көрді. Яғни адамдар жоқ кезде де бұл әріптер, бұл тіл бар еді.

Адам алейһиссалам жәннаттың барлық жерінде және Арштың үстінде Ислам әріптерімен жазылған «Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ» жазуын көрді. Ол әріптер адамның жазбасы емес. Дүние және Адам алейһиссалам жоқ кезде, ол әріптер бар еді.

Рух-ул байан тәфсирінде, Маида сүресінің 18-ші аятының тәфсирінде хазреті Омар хабар берген мына хадис шәриф білдірілген:

«Адам алейһиссалам «Йа, Раббым! Мұхаммед алейһиссаламның хакқы үшін мені кешір» деп дұға еткенде, Аллаһу тағала «Оны әлі жаратпадым. Қайдан білдің?» деп сұрады. Сонда «Йа, Раббым! Аршта Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ жазуын көрген кезде түсіндім» деді.» (Бұл хадис шәриф имам Бәйһақидың Дәлаил кітабында және тағы хадис ғалымдарынан Хаким Нишапуридің Мустәдрәк атты кітабында жазулы.)

Ибн Хажәр Мекки хазреттері былай деген:

«Мусхафты араб тілінен басқа әріптермен жазу және басқа тілге аударып, Құран кәрім орнына мұны оқу харам болып табылады. Араб тілінен басқа әріптермен жазу және осылай жазылған мусхафты оқу харам болып табылады. Құран кәрімді басқа тілге аударып, Құран кәрім орнына соны оқу және мусхафты араб әріптерімен оқылғанындай жазу арқылы өзгерту де сөз бірлігімен харам. Құран кәрімді осылай жазғанда және басқа тілге аударғанда Аллаһ сөзінің ижазы (мүғжизалық ерекшеліктері) бұзылуда, назм-и илаһи (Аллаһу тағаланың әріптерді тізу тәртібі) өзгеруде. Осы сияқты себептермен де Құран аудармасы намазда оқылмайды.»

Намазда бәрі арабша оқылып, тек ифтитах тәкбірі (Аллаһу әкбар) орнына мұның кезкелген тілдегі аудармасы айтылса, намаз сахих болмайды.

Сәлемнен бұрын оқылатын дұғаларды да арабша оқу шарт. Арабшадан басқа кандай да бір тілде намаз оқудың сахих болмайтындығын бүкіл ғалымдар сөз бірлігімен білдірген.

ЖӘННАТТАҒЫ ЖАЗУ

«Құран әріптері Ислам әріптері емес, араб әріптері. Араб әріптерімен жазылған жазуларды аяқпен басудың ешқандай зияны жоқ» дейтіндер кездеседі. Жәннат тілі арабша болғанындай, жәннаттағы әріптер де арабтар қолданып жүрген Ислам әріптері емес пе?

Бұлай сөйлейтіндер — дініміз қадірлейтін нәрселерді қор қылуды көздеген жаман ниетті адамдар. Құран кәрім жазылған әріптер, әлбетте, Ислам әріптері. Ислам әріптерінің үстіне баспау, құрмет көрсету керек.

Жәннатта сөйлесетін тіл де арабша. Бір хадис шәриф:

«Жәннат халқының тілі — арабша.»

Алғашқы адам болған Адам алейһиссалам жәннаттың барлық жерінде Ислам әріптерімен «Лә илаһә иллаллаһ» деп жазылғанын көрді. Яғни адамдар жоқ кезде, ол әріптер бар еді.

Рух-ул байан тәфсирінде, Маида сүресінің 18-ші аятының тәфсирінде хазреті Омар хабар берген мына хадис шәриф білдірілген:

«Адам алейһиссалам «Йа, Раббым! Мұхаммед алейһиссаламның хакқы үшін мені кешір» деп дұға еткенде, Аллаһу тағала «Оны әлі жаратпадым. Қайдан білдің?» деп сұрады. Сонда «Йа, Раббым! Аршта Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ жазуын көрген кезде түсіндім» деді.» (Бұл хадис шәриф имам Бәйһақидың Дәлаил кітабында және тағы хадис ғалымдарынан Хаким Нишапуридің Мустәдрәк атты кітабында жазулы.)

Түркиядағы сәйидтер араб болса да, күрт тілінде сөйлейді. Күрт тілінде сөйлеу күрт ұлтынан болуды талап етпегеніндей, арабтардың Ислам әріптерін қолдануы да арабтардың әріптері болуын талап етпейді. Ислам әріптерін 600 жыл бойы түрікше сөйлеген Осман Империясы да қолданған. Парсы тілінде сөйлесетін Иран да Ислам әріптерін қолдануда. Тағы басқа мемлекеттерде де Ислам әріптері қолданылуда. Құран кәрімнің әріптері — Ислам әріптері. Үш хадис шәриф:

«Аллаһу тағала Аршты жаратқанда үстіне Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ деп жазды.»

«Аллаһу тағаланың ләуһи махфузда жазған алғашқы сөзі — Бисмиллаһиррахманирахим.»

«Жер мен көк жаратылудан екі мың жыл бұрын жәннаттың есігіне Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ деп жазылған.»

Мират-ул-Харамәйн кітабында былай делінеді: «Адам алейһиссалам жәннатта болғанда жәннаттың барлық жерінде және Арштың үстінде «Лә илаһә иллаллаһ, Мухаммадун Расулуллаһ» деп жазылғанын көрді. Оның Аллаһу тағаланың ең сүйікті құлы екенін осыдан түсінді. Бұлар Ислам әріптерімен жазылған еді. Дүние және Адам алейһиссалам жоқ кезде ол әріптер бар еді. Бүкіл кітаптар және беттер Ислам әріптерімен жіберілді.»

(Жалғасы бар)

Баки кейде «Бакиул-ғарқад» деп те аталатын мазар, Мәдина қаласының оңтүстік шығысында Пайғамбар (с.ғ.с.) мешітінің жанында орналасқан. Баки, Аллаһ елшісінің (с.ғ.с.) мазар ретінде рұқсат беруінен бұрын «Ғарқад» ағашымен қоршалған алаң болатын. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларынан қайтыс болғандарды жерлеу үшін Баки

«ЖӘННАТУЛ БАҚИДА» КІМДЕР ЖЕРЛЕНГЕН?

аумағын мазар етуге әмір береді. Халық арасында «Жәннәтул баки» деген атпен белгілі болған бұл мазарға мұһажирлерден алғаш болып хазреті Осман ибн Мазғун (р.а.) мен аңсарлардан Әсғад ибн Зарура (р.а.) жерленді. Олардың қатарында пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлы Ибраһим, қыздары Рұқия (р.а.), Зәйнәп (р.а.), Фатима (р.а.), ағасы Аббас (р.а.) нағашысы Сафия бинт Абдулмутталиб (р.а.) және немересі Хасан (р.а.) да бар. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Менің екінші анам» деп атаған хазреті Әлидің (р.а.) анасы Фатима бинт Әсәд, сүт анасы Халима әйелдерінен Бибі Айша (р.а.), Хафса (р.а.), Умму сәләма (р.а.), Зәйнәп бинти Ызайма (р.а.), Зәйнап бинт Жашх (р.а.), Сафия (р.а.) және Мәрия (р.а.) да осында жерленген. Ал сахабалардан Әбдірахман ибн Ауф, Сағд ибн Абу Уаккас (р.а.), Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.), Суһайб ибн Синан (р.а.) мен Әбу Хурайра (р.а.) сынды саңлақтарға да топырақ бақидан бұйырды.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) күйеу баласы және үшінші халифа, көзі тірісінде жәннатпен сүйіншіленген 10 сахабаның бірі хазреті Осман (р.а.) да осында жерленген. Расулуллаһ (с.ғ.с.) оны қызы Умму Рұқияға (р.а.) үйлендірді. Ол (р.а.) қайтыс болғаннан кейін екінші қызы Умму Гүлсімге (р.а.) косты. Осылайша Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) екі қызына үйленгендіктен, екі нұр иесі деген мағынаны білдіретін «Зун нурайн» деген атаққа ие болды. Умму Гүлсім (р.а.) нижраның 9-жылы қайтыс болғанда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хазреті Османға қарап: «Уа Осман (р.а.)! Тағы бір қызым болса, оны да саған берер едім», -деген.

Хазреті Осман (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) уаһи катибтерінен (жазушылары) болды. Көркем хат жазумен бірге сөзге де өте шешен еді. Құранды бастан-аяқ жаттаған хафиз де болатын. Нижраның 24-жылы мухаррам айында халифа болып, бұл қызметті 12 жыл абыроймен атқарды. Хорасан, Үндістан, Мәуереннаһр, Қапқаз, Кипр және Солтүстік Африканың көптеген аймақтарына оның халифалық кезінде ислам діні тарады.

Хазреті Османның (р.а.) атқарған негізгі қызметінің ең маңыздысы Әбу Бәкір (р.а.) заманында бір жерге жинақталған Құран Кәрім нұсқасын 6 нұсқа ретінде көбейтіріп, үлкен қалаларға жіберуі еді. Сондықтан хазреті Осман (р.а.) (Наширул Құран) Құранды басып шығарушы деген атаққа ие болған. Мүміндердің басшысы хижраның 35-жылы Мәдина қаласындағы үйінде Құран кәрім оқып отырғанда 82 жасында өлтірілді.

Мұсылмандар Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әһлі бәйтінің және атакты төрт халифаның есімдерін балаларына қоюды жөн санаған. Бұл әдет ата-бабаларымыздың исламды қабылдауынан күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Осман мемлекетінің негізін қалаушы Осман Ғази, хазреті Осман (р.а.) есімін

иемденіп, бүкіл әлем мойындаған империяның негізін қалады.

1517 жылы Мысыр Осман мемлекетінің қарамағына өткенде Мекке басшысы Шәриф Бәрәкат баласы Шәриф Әбу Нумейиді, Каирдегі кезінде Яуыз Сұлтан Сәлим ханға жіберіп оның билігін мойындады. Осыдан кейін Осман империясы

Мысырда қор құрып ол аймақтарға «Сурре» деп аталатын сыйлықтар жіберумен қатар, сол жақтан келетін қажылардың жол қауіпсіздігін де қамтып қолға алды.

Осман мемлекетінен келген қажылар Мәдина қаласына барғанда алдымен пайғамбарымызды (с.ғ.с.), одан кейін жанында жатқан хазреті Әбу Бәкір (р.а.) мен Омарды (р.а.) зиярат еткеннен кейін «Жәннатул бақиға» жерленген хазреті Османды (р.а.) зиярат ететін болған. XVII ғасырдың атакты саяхатшысы әулие Челеби, Хижаз саяхатында Мәдинаға барып «Жәннатул Бақи» мазарында жерленген хазреті Османды (р.а.) зиярат етіп, дұға жасаған.

Хазреті Осман (р.а.) жерленген жерге 1205жылы атакты қолбасшы Салахаддин Әйюби күмбезді мазар салдырған.

Қануни Сұлтан Сүлейман ханның баласы Сұлтан II Сәлим хан 1528 жылы Шәйхул Харамға жазған хатында сахабалардың атактыларынан болған хазреті Осман Зун нурайнның (р.а.) «Жәннәтул бақидағы» мазарының жан-жағы бос болғандығына байланысты ешкімнің ол жерге бара алмайтындығына қанжылып, онда Құран оқылатын бірнеше бөлмесалуға арналған орынның бар-жоқтығын анықтап беруді талап еткен.

Сұлтан хатына Шайхул харамбылайша жауап берді:

«Хазреті Осман Зун нурайнның (р.а.) мазары бақидегі бос жерде болғандығы рас. Қазір мазарының басында бірнеше бөлмелі құрылыс жүріп жатыр. Мүмкіндігіңіз болғанда келіп көрерсіз. Бөлмелердің құрылысы аяқталса, онда Құран кәрім оқылып, оған қосымша міскін кедейлер жататын орын болса жақсы болар еді.»

Осман империясының соңғы кезеңіне дейін «Жәннатул бақи» мазарына мұсылман қажылар зиярат етіп тұрған. Ал, империя мұрағатында Пайғамбар (с.ғ.с.) мешітін және жан-жағын көрсеткен 1858 жылғы бір жобада «Жәннатул бақи» мазары және ерекше түрде «хазреті Осман (р.а.) мазары» деген белгі қойылған күмбезді мазар ишаратпен көрсетілген. Сұлтан II Абдулхамид ханның кезінде (XIXғ.) түсірген фотосуреттерде де хазреті Османның (р.а.) күмбезді мазарының болғандығын көруге болады.

Мәдина қорғаушысы Фахреддин Паша «Жәннатул бақи» мазарын зиярат етіп, дұға жасап, мүмкіндігінше фотосуретке түсірген. Хазреті Османның (р.а.) да күмбезі осы кезде түсірілген.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хазреті Осман (р.а.) жайында айтқан хадистерінен үзінділер:

«Әр пайғамбардың жәннатта бір досы болады. Менің досым — Осман».

«Мен Аллаһу та’аланың алдында Османның дұшпанының дұшпанымын, оларға қарсы шығамын.»

«Біз Осман ибн Афғанды Аллаһу та’аланың халилы және жомарты болған атамыз Ибраһимге (р.а.) ұқсатамыз».

Нұржан МАХАНОВ

ДАЛАНЫҢ ДАРА ДІЛМАРЛАРЫ

ҚАЗЫБЕКТИҢ ТӨЛЕ МЕН МӘЛСЕГЕ АЙТҚАН БАСАЛҚЫ СӨЗІ

Баяғы бір заманда жоғарғы ел мен төменгі елді құрғақшылық болып, ұлы жүз жылысып төменге, кіші жүз жылысып жоғарыға көшіп, үш жүздің баласы орта жүздің жерін жайлаған екен. Келер жылы жұт біткен соң, ұлы жүз көшіп өз жеріне, кіші жүз көшіп өз жеріне кетеді. Бірақ кіші жүздің бір жігіті ұлы жүздің бір келіншегін жолсыз алып қалады. Ұлы жүз кешіп қонысына барған соң, үйсін Төле би елден:

— Мал-бастарың аман ба? — деп сұрайды. Сонда ұлы жүздің игі жақсылары:

— Қәрия, мал-бас аман, ел түгел қонысына келді. Жалғыз-ақ ұлы жүздің бір әйелін кіші жүз тартып алып қалды, — дейді. Сол үшін кіші жүзден 200 жылқы барымта алады. Кіші жүз де қарап қалмайды. Күзге қарай үш жүз жігіт аттандырып, ұлы жүзден 500 жылқы қудырып алады. Сөйтіп, бір әйелдің дауынан ел бірліктен ажырап, екі ел зор бүліншілікке ұшырайды. Осы жанжал келер жылы үш жүздің бас қосқан үлкен сарабына түседі. Дауды орта жүз Қаздауысты Қазбек, ұлы жүз үйсін Төле, кіші жүз Мәлсе би басқарыпты. Сонда Төле тұрып:

— Мен ағаның баласымын, билікті мен айтамын, — дейді. Кіші жүз Мәлсе тұрып:

— Жок, мен атаның қара шаңырағында қалғанмын, жасым кіші болғанмен жолым үлкен. Билік жөні менікі, — дейді. Қаздауысты Қазбек отырып күледі.

— Жылағанды сұрама, күлгенді сұра деп еді, Қазбек, неге күлдіңіз? — дейді, Төле мен Мәлсе.

— Сендер атадан туысынды білесіңдер де оның өсиетін білмейді екенсіңдер, — дейді Қазбек. — Аталарың «ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қамшы беріп дауға қой дегені қайда? Жығылсам сүрінсем сүйер алдымда ағам, артымда інім бар, билік жөні менікі емес пе?» — деді Қазбек. Бұл сөзге екі жағы да тоқтап, билікті Қазбекке береді. Сонда Қаздауысты Қазбек:

— Уа, Үйсін Төле! Сен атадан үлкен туғансын, інінің бір еркелігін көтермей, жылқысын неге қуасын? Уа, жаркыным, Мәлсе! Сен атаңның қара шаңырағында қалған еркесің, ағаның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің? Сен, Мәлсе, жесірді қайтар, сен Төле, жылқыны қайтар, — деп төрелік айтады. Екі жағы да осыған тоқтап, екі ел жылап табысқан екен дейді.

БАЙДАЫ МЕН ТӨЛЕ

Атақты Ұлы жүз Үйсін Төле би Қуандыққа келіпті. Төле бидің жер жарған даңқын естіп жүрген Қуандықтың ел жақсылары жиылып келіп: «Сізбен құда болғымыз келеді, не қыз беріңіз, не қыз алыңыз», — деп жабысады. Сонда Төле би: «Ұлымның бәрі де үйленген. Бой жетіп отырған қызым бар, соны берейін. Қалың малы жүз жылқы, он бес түйе, бота мойын Жамбы!» — депті. «Құп болады», — деп айтқан қалың малын, сол жолы бір жола беріп жібереді. Риза болған Төле би: «Қызымды бір жыл сақтайын, ендігі жылы осы уақытта келіп жесірлеріңді ал», — депті. Жыл өткен соң Қуандықтан қырық адам келінді аламыз деп Төле биге

барады. Бұл екі ортадан Төле бойжетіп отырған қызын бір бай өзбекке беріп, ұзатып жібереді. Одан көп мал, ақша алады. Барған Қуандық кісілеріне: «Ер жеткен баланы аңдып отыру қиын екен, қызым бір өзбек жігітімен қашып кетті. Келінді алам десендер Ташкенге барып, келіндеріңмен ауыз ба ауыз сөйлесіндер, болмаса, «игіліктің ерте-кеші жоқ» деген, бір келінім буаз, соған қарандар», — деп, сөз де, теңдік те бермейді, аяғына отырғызбайды.

Қуандық кісілері былай шығып ақылдасып: «Бұл қорлыққа шыдап болмас, Төле бидің жылқысынан жүз жылқы барымта алып қайтайық, сонда да он бес түйе, бота мойын жамбы қалып жатыр ғой! — деседі де, Төле бидің жылқысынан өздерінің берген жүз жылқысын санап алып еліне қайтады. Жылқышылар қуып, бұлармен соғысады. Бір соқыр жылқышы жиырма кісіні аттан түсіріп, бұларды әлсіретеді, Сөйтіп жүргенде жанбыр жауып күн шатырлағанда әлгі мықты, соқыр жылқышыға жай түсіп өледі. Қалғандарын бұлар жеңіп, жылқыларын еліне айдап қайта береді. Бір жылдан кейін құн даулап Төле би Қуандыққа келсе, Абылай да осы елге келіп жатыр екен. Төле би соған жүгінеді. Абылай дауды созып кейінге қалдырады. «Ендігі жылы тап осы уақытта келемін, оған дейін екі жағың да сегіз-сегізден би сайлап алыңдар. Мен Төбе би боламын», — деп Төле биді еліне қайырып жібереді. Төле би еліне барып сегіз биді сайлап алып, жыл өткен соң Қуандыққа қайта келеді. Абылай да келіпті. Қуандық ұмытып, би сайламапты. Асығыста жеті би тауып бір би таба алмай, енді үш күнге Абылайдан мұрсат сұрайды. Абылай береді. Ал, бұл екі арада Төле би «жылқышымыңның құны екі мың жылқы» деп құн дауын даулап бір мың жылқыны Абылайға бермек болады. Мұны Қуандық сезеді. Жеті би күнде кеңес құрады. Бұлардың сөздерін он екі жасар, асық ойнап жүрген Байдалы естіеді. Бір күні жеті бидің қасына келіп сөздерін тындап тұрса, Төле биді сөзден жеңе алмаймыз, оның үстіне бір биіміз кем. Осы дауды өршітіп алмай екі мың жылқысын беріп біту керек деген қортынды байлауға тоқтайды. Мұны естіп тұрған бала: «Ағалар, бұлардың дұрыс емес, Төле бидікі зорлық. Зорлыққа төзіп болмайды. Сегізінші бидің орнына мені алып барыңыздар. Төле бимен мен сөйлесіп көрейін, Есе алмасам, есемді жібермеспін, мені баласынбаңыздар! Біздің ісіміз ақ емес пе, аққа алла жақ дейтіні қайда?» — депті.

Билер бұған келісіпті. Екі жақ айтысқа кіріседі. Төле би сөз бермейді, Қуандық билері жақ жазып, үндей ал- майды. Сонда Абылай кім сөйлейді дегенде, он екі жасар Байдалы:

— Мен сөйлеймін. Аймен аталас емеспіз, күнмен баталас емеспіз, бұлтпен туысқанымыз жоқ, сол күнгі жауған жанбырға жақындасып, жуысқанымыз жоқ. Құдайға шақпағынды шақ дегеніміз жоқ, білгенді жақ дегеніміз жоқ. Құрығын сүйреге алмай жүрген Үйсіннің соқыр жылқышысын көзінен көздеп ат дегеніміз жоқ. Елінде талай қасқа мен жайсандар жай түсіп өлген шығар. Солар үшін құдайдан алған құнынды көрсет, Төле би? Құдайдан құн алмасаң, мен де құн бермеймін. «Тура биде туған жоқ туғанды биде иман жоқ» деген. Дұрыс төрелігіңді айт, Абылай! — депті.

БЕЙБІТ ЕЛДЕ СӘН БОЛАР

Айдаболдың тоқал әйелінен туған Тайкелтір деген бала кезінде түйе іздеп Үйсін Төле шешеннің ауылына келіп, Төленің үйіне түсіпті.

Төле баланың аты-жөнін сұрап білген соң: «Ә, балам, отыр, қон, әкен Айдаболдың

сыбағасын жеп кет», — депті.

Шәй ішіп болған соң, бір жігіт бір тоқтыны алып келіп: «Илаһи, әмиін!» — дегенде, үйде отырған ауыл ақсақалдары бата істей бастапты. Сонда он бір жастағы Тайкелтір: «Мен бұл қойдың батасына қол көтермеймін», — депті. Отырған ақсақалдар: «Неге олай», — деп сұрағанда бала: «Е, шешеннің өзінің сөзі бар, «әкеннің сыбағасын жеп кет» деген. Мен әкемнің сыбағасын жеймін және әкем сыбағасына батаны өзім істеймін», — депті. Төле баланың сөзінен тосылып, бір құлын алдыртыпты. Сонда бала тоқтамастан былай депті:

Сыбағама келді құлын,
Қалдырмай ас дымын.
Ақсақалдар тойынсын,
Шығармасын үнін.
Бала деп мені басынбай
Байқап бассын жымын.
Қартқа жас азық қашанда,
Сіздерге бұл құлын сыйым.
Іздеп келдім түйемді
Сіздерден алман тиын.
Түйеме тіркеу, қарттарым,
Таппай жүрсе ол қиын.
Әкеме барсам мақтанып
Тіркеуді берсем ел жиын.
Қарттар қарсы болмаса,
Төле атам берсін сыйын, — депті.

Құлынның етін жеп, жатып, ертең түс кезінде тұрса, ауылдың сыртында бес жүздей адам жиналған. Бала тақырқап «бұл не» деп сұрапты.

Сонда Төле:
Е, Тайкелтір шырағым!
Бейбіт елде сән болар,
Бүлінген елде дау болар.
Даудың түбі жау болар,
Жаудың түбі шаң болар,
Шандатып жау айқасса,

Айта жүрер құн болар, — дегендей, біз Үйсін, Дулат деген екі ру едік. Үйсіннің бір жігіті Дулаттың бір қызымен шатасыпты. Шатасудың соңы қыз екі қабат болыпты. Бертін келе қыз елінен ұялып: «Менде кінә жоқ, жігіт зорлаған соң осылай болдым» депті. Елазаматтары бұған қызынып «Жігітті бер, таспен атып өлтіреміз», — деп маған билікке келіп отыр. Егер олардың айтқанын істемесен, Үйсінді Дулаттар шабады, Дулаттардың айтқанын істесем, Үйсіндер мені шабады. Осы дауға не істерімді білмей тұрмын, осының билігін саған берейін шырағым, сен айт», — депті. Бала «өзіңіз білесіз» депті. Екі елдің адамдары жиналып болған соң Төле билікті балаға беріпті. Сонда екі жақтан отырған талапкер билер: «Е, бала, билік айта аласың ба? Бұл дау тоқты-торым емес, ер құны дау ғой», — десіпті. Сонда бала жұлып алғандай. «Е, айтпайтын несі бар?» — дей келіп:

«Үлкендердің жасы үлкен,
Жастардың басы үлкен.
Жас — дененің қабы,
Бас — мидың қабы.
Ми адамның қаны.
Ми төрені бере білер,
Даушылар сөзге көне білер.
Айтқанға егер көнбесе,
Жауласып екі ел бүлінер.
Даушылар сөзін көпке берсе,
Көпшілік Төле атама берсе,
Атам сөзді маған берсе,
Менің аузыма құдай салса,
Тура сөзге кім күлер?!

Халық пен Төле атамнан рұхсат болса, бұл дауды мен бітірейін», — депті. Халық та, билер де баланың сөзіне риза болып, билікті балаға беріпті. Сонда Тайкелтір қыз бен жігітті шақырып алып, жігіттің қолына қылыш, қыздың қолына қылыштың қынабын береді. Сүт қайнатым уақыт беріп екеуіне бұйырады. Жігітке айтады: «Осы сүт қайнатым уақыт ішінде қалайда қылышты қыздың қолындағы

қынапқа сал, егер салмасаң таспен атып өлтіртемін», — дейді.

Қызға айтыпты: «Сен мына жігіттің қылышын қолыңдағы қынапқа салғызба, егер салғызсаң дарға тартқызып өлтіртемін», — дейді. Екі жағы да риза болып, қыз бен жігітті сайыстырып қоя беріпті.

Уақыт бітіпті, бірақ қыз қынапқа қылышты салдыртпапты. Осы кезде қыз жағы жігіттің мойнына арқан салып, таспен атып өлтіруге тарта жөнеліпті.

Сонда тұрып Тайкелтір бала «тоқтандар» деп жұртты тоқтатып:

— Бұл жігіт зорлаудан ақ екен, қыздың өзі ықтияр екен, ұялғаннан айтқаны екен, көріп тұрған жоқсыңдар ма: өзі әлсіз, өзі екіқабат бола тұра қолыңдағы қылыштың қабына қылышты салғызбауға әлі келгенде, денесін қорғауға әлі келмей ме? — деген екен. Сөйтіп өлтіру дегенді қойдырып, жігіт жағынан екі қырық жетінің малын қыз жағына алып бергізіп, екі елді тыныштандырған екен.

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК

Ертеде бір бай адам болыпты, бай екі әйел алады. Ол кезде ел әйелін көпке көрсетпейді екен. Бәйбішеден бала болмай, тоқалдан туған бір баланы бәйбіше бауырына салып тәрбиелейді. Сол уақыттың салты бойынша бала туған шешесін танымай, бәйбішені «анам» деп өседі.

Бір кезде елге жау тиіп, мал-мүлкін шауып алып, ұлын құл етіп, қызын құл етіп басқа елге көшіріп алып кетеді. Барған жерде балалы әйелге жеңілдік болады. Екі әйел айырылысып балаға таласады. Осы дау қазының алдына түседі. Қазы даугерлерден сұраса, екеуі де «өзім таптым» деп жамандасады. Қазы төрелік — билік айтайын десе, анығына жете алмайды. Содан кейін бір білгіш қазыға:

— Оған несіне бөгіліп ойланып отырсыз, екі әйел баланы бір-біріне кимаса, онда баланы қажарып екеуіне бөліп беріңіз, екеуі де разы болсын, — депті. Қазы «бу да дұрыс екен» депті де «ертең келіңіздер, билік қурам, үкім етем» депті.

Ертенің келіп, жұрт жиналған соң, қазы үкімін айтыпты. «Үкім баланы қажарып екеуіне бөліп беру, осыған разысыңдар ма?» — депті. Сонда бәйбіше:

— Бала өзімнің тар құрсағымды кеңітіп, тас емшегімді жібіткен балам еді, тун ұйқымы төрт бөліп тәрбиелеп, асырап едім. Өтірікші жалақор қатынға кеткенше, көз алдымда өлсін, өзіме тиісті денесін қолыма беріңіз. Қолымнан арулап қояйын, артынан дұғасын оқытып, батасын қылдырып отырайын, менің тілегім осы, — депті.

Екінші әйел, о да алдымен ананың айтқанын айтып зарлап жылап жіберіпті де:

— Шіркін, құлынымды өлімге кимаймын. Алты қырдың ар жағында жүрсе де аман жүрсін, өлтірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірлігін тілеймін. Бірақ осы үкіміңізді ұмытпастай қылып балама ескертіңіз! — депті. Қазы билік шығарлар алдында, осы бала кімдікі» деп кенескенде, биліктің құрамында отырған адамдар:

— Бала тоқал — мына соңғы әйелдікі, ана әйел баланы жақсы көргендігінен басқаға нұмай отыр. Не болса да, шын анасы баласын өлімге кимайды. Бала соңғы әйелдікі депті. Қазы солай үкім шығарыпты.

**ДҮЙСЕНБІ
27 шілде
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Концерт 8.00 Таңшолпан 9.35 «Жүзден жүйрік» 10.00 «Алға, Диего» 11.00 Айтұға онай... 11.45 «Болашақ». Телехикая 12.30 «Өнер шежіресі» 12.45 «Енбек түбі – береке» 12.50 «Дауа» 13.25 «Білгірлер бәйгесі» 14.10 «Ақсауыт» 14.45 М.ф. 15.00 Әйел бақыты 16.10 «Келін» 17.00 «Замана бүлбүлдары» 17.30 Жаналықтар 17.50 «Жанында жүр жаксы адам» 18.25 «Бапкер» 19.10 «ЕХРО-2015» 19.35 «Болашақ» 20.30 Жаналықтар 21.05. «Айтұға онай...» 21.50 «Жедел жәрдем» 22.45 «Келін» 23.40 «Алып тұлғалар» 00.00 Жаналықтар 00.35 «Көкпар» 1.20 «Дауа» 1.55 «Ақсауыт» 2.25 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 3.00 Жаналықтар

ХАБАР

07.02. Айтұмар 8.00 «Әсем әуен» 8.30 «Аймақтар аламан» 9.30 М.ф. 10.00 «Ду-думан» 11.10 Деректі драма 11.45 «Магия кухни» 12.20 Подари детям жизнь 12.25 М.ф. 12.35 М.ф. 13.00 Түскі жаналықтар 13.10 «Семейные мелодрамы» 14.00 «Женский доктор» 15.00 Новости 15.15 «Бұйымтай» 16.00 «Өмір сабақтары» 16.30 «Алдар көсе» 17.00 Кешкі жаналықтар 17.15 «Нүкте» 18.00 Новости 18.10 «Сұлтан Сүлейман» 19.00 «ТВ Бинго» 20.00 Қорытынды жаналықтар 20.30 Арнайы хабар 21.00 Новости 21.30 «Гречанка» 22.20 «След» 23.10 «Жекпе-жек» 23.55 Жаналықтар 00.25 Новости 00.55 Деректі драма 01.25 Жаналықтар

КТК

7.05 М.ф. 7.20 «КТК» Қоржынынан» 8.50 «Базар жоқ алаңы» 19.50 «Дорогадомой» 10.00 «Поверь, все будет хорошо» 12.00 «Молодожены» 13.45 «Очная ставка» 14.45 «Беременна в 16» 15.45 «Шаншардан» 16.25 «Махаббат мұны» 17.20 «Махаббатта шек бар ма?» 18.35 «Тағдырмен тартыс» 19.35 «Тағдырмен тартыс» 20.30 Жаналықтар 21.00 Новости 21.30 «По горячим следам» 23.15 «Морские дьяволы. Смерч» 1.00 «Земский доктор. Жизнь заново» 1.50 «КТК» қоржынынан» 2.35 Жаналықтар 3.00 «Сны» 4.10 «Вау»

Еуразия бірінші арнасы

6.00. «Склифосовский» 6.50 Жаналықтар 7.00 «Доброе утро» 11.00 «Была любовь» 12.00 «Карпов» 13.00 «Сүйген жар» 13.50 «Джодха және Акбар» 14.40 «Ашығын айтканда» 15.30 Жаналықтар 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженемся» 17.45 «Пусть говорят» 18.55 «Раскаяние» 20.00 Главные новости 20.40 «Сүйген жар» 21.40 Басты жаналықтар 22.20 «Джодха және Акбар» 23.15 «Паутина» 23.40 «Дом с лилиями» 1.35 «Паутина» 2.00 «Склифосовский» 2.45 «Ашығын айтканда» 3.30 «Контрольная закупка»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 8.00 «Казнет» 8.20 «Суперпапа» 9.00 «Жетім өссе» 10.30 «Фериха» 11.40 «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мадхубала» 13.00 «Порох и дробь» 14.05 «Волки» 16.00 «Жетім өссе» 16.20 Әзілстан 17.30, 22.00 «Фериха» 18.40 «Қыз ғұмыры» 19.20 «Мадхубала» 20.00 Жаналықтар 20.20 «Ел аузында» 20.30 Новости 20.50 «Порох и дробь» 23.00 «Бірегей» Нұрлан Әлімжан 23.25 Жаналықтар 23.45 Новости 00.05 «Мұрагер» 01.15 Ән шашу

**СЕЙСЕНБІ
28 ШІЛДЕ
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Концерт 8.00 Таңшолпан 9.30 «Жүзден жүйрік» 10.00. «Жедел жәрдем» 10.50 «Айтұға онай...» 11.35 «Болашақ» 12.30 «Өнер шежіресі» 12.45 «ЕХРО-2017» 13.10 «Алаң» 13.55 «Сыр-сұхбат» 14.25 «Стич» 14.50 М.ф. 15.00 «Әйел бақыты» 16.10 «Келін» 17.25, 02.55 «Енбек түбі – береке» 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаналықтар 18.25 «Бапкер» 19.10 «Кылмыс пен жаза» 19.35 «Болашақ» 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Жедел жәрдем» 22.45 «Келін» 23.40 «Алып тұлғалар» 00.35 «Кылмыс пен жаза» 1.00 «Сыр-сұхбат» 1.35 «Келбет» 2.10 «Алаң»

ХАБАР

07.02. Айтұмар 8.00 «Әсем әуен» 8.30 «Аймақтар аламан» 9.30 М.ф. 10.00 Жаналықтар 10.10 «Гречанка» 11.00 Новости 11.10 «Әр үйдің сыры басқа» 11.45 «Магия кухни» 12.20 «Подари детям жизнь» 12.25 М.ф. 12.50 «Экономикс» 13.00 Түскі жаналықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.00 «Женский доктор»-2 15.00 Новости 15.15 «Бұйымтай» 16.00 «Өмір сабақтары» 16.30 «Алдар көсе» 17.00 Кешкі жаналықтар 17.15 «Нүкте» 18.00 Новости 18.15 «Сұлтан Сүлейман»

19.00 «Біздің үй» 20.00 Қорытынды жаналықтар 20.30 Бюро расследований 21.00 Новости 21.30 «Гречанка» 22.20 «След» 23.10 Арнайы хабар 23.40 «Бұйымтай» 00.25 Жаналықтар 00.55 Новости 1.25 «Әр үйдің сыры басқа» 1.55 Жаналықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.15 «Вау» 6.40 «КТК» қоржынынан» 7.25 «Қарадайы» 8.30 Жаналықтар 9.00 «Сарай ханымдары» 10.00 «Верное средство» 12.00 Новости 12.30 «Морские дьяволы. Смерч» 14.25 «Семейные драмы» 16.25 «Махаббат мұны» 17.20 «Махаббатта шек бар ма?» 18.35 «Тағдырмен тартыс» 19.35 «Тағдырмен тартыс» 20.30 Жаналықтар 21.00 Вечерние новости 21.30 «По горячим следам» 23.20 «Морские дьяволы. Смерч» 1.00 «Земский доктор. Жизнь заново» 1.50 «КТК» қоржынынан» 2.35 Жаналықтар 3.00 «Сарай ханымдары» 3.45 «Қарадайы» 4.35 «Вау»

Еуразия бірінші арнасы

6.00. «Склифосовский» 6.50 Жаналықтар 7.00 «Доброе утро» 11.00 «Была любовь» 12.00 «Карпов» 13.00 «Сүйген жар» 13.50 «Джодха және Акбар» 14.40 «Ашығын айтканда» 15.30 Жаналықтар 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженемся» 17.45 «Пусть говорят» 18.55 «Раскаяние» 20.00 Главные новости 20.40 «Сүйген жар» 21.40 Басты жаналықтар 22.20 «Джодха және Акбар» 23.15 «Паутина» 23.40 «Дом с лилиями» 1.35 «Паутина» 2.00 «Склифосовский» 2.45 «Ашығын айтканда» 3.30 «Контрольная закупка»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.20 Новости 7.40 Жаналықтар 8.00 «Күлдірген» бағдарламасы 8.30 «Такси» 9.00 «Жетім өссе» 10.30 «Фериха» 11.40 «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мадхубала» 13.00 «Өн мен әзіл» 14.10 «Порох и дробь» 15.15 «Жетім өссе» көріс телехикаясы 16.35 «Казнет» 16.55 «Домашние войны» 17.30, 22.00 «Фериха» 18.40 «Қыз ғұмыры» 19.20 «Мадхубала» 20.00 Жаналықтар 20.20 «Ел аузында» 20.30 Новости 20.50 «Порох и дробь» 23.00 «Той жыры» 23.25 Жаналықтар 23.45 Новости 00.05 «Мұрагер» 1.15 Ән шашу

**СӨРСЕНБІ
29 шілде
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Концерт 8.00 Таңшолпан 9.35 «Жүзден жүйрік» 10.00. «Жедел жәрдем» 10.50 Айтұға онай... 11.35 «Болашақ» 12.30 «Өнер шежіресі» 12.45 «Қылмыс пен жаза» 13.10 Поэзия әлемі 13.40 «Ғасырлар үні» 14.25 «Стич» 14.50 «Джунгли кітабы» 15.00 «Әйел бақыты» 16.10 «Келін» 17.00 «Қазақ даласының құпиялары» 17.30, 20.30, 00.00, 03.00 Жаналықтар 17.50 «Жанында жүр жаксы адам» Д.ф. 18.20 «Ұлжан» телехикаясы 19.10 «Журналистик зерттеу» 19.35 «Болашақ» 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Жедел жәрдем» 2-маусым 22.45 «Келін» 23.40 «Алып тұлғалар» 00.35 «Журналистик зерттеу» 1.00 «Кылмыс пен жаза» 1.25 Д.ф. 1.55 «Поэзия әлемі» 2.25 «Шарайна»

ХАБАР

07.02. Айтұмар 8.00 «Әсем әуен» 8.30 «Аймақтар аламан» 9.30 М.ф. 10.00 Жаналықтар 10.10 «Гречанка» 11.00 Новости 11.10 «Әр үйдің сыры басқа» 11.45 «Магия кухни» 12.25 М.ф. 12.35 М.ф. 13.00 Түскі жаналықтар 13.10 «Семейные мелодрамы» 14.00 «Женский доктор»-2 15.00 Новости 15.15 «Бұйымтай» 16.00 «Өмір сабақтары» 16.30 «Алдар көсе» 17.00 Кешкі жаналықтар 17.15 «Нүкте» 18.00 Новости 18.15 «Сұлтан Сүлейман» 19.10 «Біздің үй» 20.00 Қорытынды жаналықтар 20.30 «100 бизнес тарихы. Индустрияландыру» 21.00 Новости 21.30 «Гречанка» 22.20 «След» 23.10 «Біздің үй» 00.00 «Бұйымтай» 00.45 Жаналықтар 01.15 Новости 1.45 «Әр үйдің сыры басқа» 2.15 Жаналықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.15 «Вау» 6.40 «КТК» қоржынынан» 7.25 «Қарадайы» 8.30 Жаналықтар 9.00 «Сарай ханымдары» 10.00 «Верное средство» 12.00 Новости 12.30 «Морские дьяволы. Смерч» 14.25 «Семейные драмы» 16.25 «Махаббат мұны» 17.20 «Махаббатта шек бар ма?» 18.35 «Тағдырмен тартыс» 19.35 «Тағдырмен тартыс» 20.30 Жаналықтар 21.00 Вечерние новости 21.30 «По горячим следам» 23.20 «Морские дьяволы. Смерч» 1.00 «Земский доктор. Жизнь заново» 1.50 «КТК» қоржынынан» 2.35 Жаналықтар 3.00 «Сарай ханымдары» 3.45 «Қарадайы» 4.35 «Вау»

Еуразия бірінші арнасы

6.00. «Склифосовский» 6.50 Жана-

лықтар 7.00 «Доброе утро» 11.00 «Была любовь» 12.00 «Карпов» 13.00 «Сүйген жар» 13.50 «Джодха және Акбар» 14.40 «Ашығын айтканда» 15.30 Жаналықтар 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженемся» 17.45 «Пусть говорят» 18.55 «Раскаяние» 20.00 Главные новости 20.40 «Сүйген жар» 21.40 Басты жаналықтар 22.20 «Джодха және Акбар» 23.15 «Паутина» 23.40 «Дом с лилиями» 1.35 «Паутина» 2.00 «Склифосовский» 2.45 «Ашығын айтканда» 3.30 «Контрольная закупка»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.35 Новости 7.55 Жаналықтар 8.15 «Әзілстан» 8.30 «Такси» 9.00 «Жетім өссе» 10.30 «Фериха» 11.40 «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мадхубала» 13.00 М.ф. 13.10 «Дүние жарық» 13.35 «Қалжын-қоржын» 14.00 М.ф. 14.10 «Порох и дробь» 15.15 «Жетім өссе» 16.35 «Казнет» 16.55 «Домашние войны» 17.30, 22.00 «Фериха» 18.40 «Қыз ғұмыры» 19.20 «Мадхубала» 20.00 Жаналықтар 20.20 «Ел аузында» 20.30 Новости 20.50 «Порох и дробь» 23.00 «Әзілстан» 23.30 Жаналықтар 23.50 Новости 00.10 «Мұрагер» 1.20 Ән шашу

**БЕЙСЕНБІ
30 шілде
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Концерт 8.00 Таңшолпан 9.35 «Жүзден жүйрік» 10.00. «Жедел жәрдем» 10.50 «Айтұға онай...» 11.35 «Болашақ» 12.30 «Өнер шежіресі» 12.45 Агробизнес 13.10 «Журналистик зерттеу» 13.30 «Сіз не дейсіз?» 14.00 «Жан жылуы» 14.25 М.ф. 14.50 М.ф. 15.00 «Әйел бақыты» 16.10 «Келін» 17.00 «Қазақ даласының құпиялары» 17.30 Жаналықтар. 17.50 Д.ф. 18.20 «Ұлжан» 19.10 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 19.35 «Болашақ» 20.30 Жаналықтар 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Жедел жәрдем» 22.45 «Келін» 23.40 «Алып тұлғалар» 00.00 Жаналықтар 00.35 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 00.55 «Жан жылуы» 1.20 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 1.45 «Агробизнес» 2.05 «Қазақ даласының құпиялары» 2.30 «Сіз не дейсіз?» 3.00 Жаналықтар

ХАБАР

07.02. Айтұмар 8.00 «Әсем әуен» 8.30 «Аймақтар аламан» 9.30 М.ф. 10.00 Жаналықтар 10.10 «Гречанка» 11.00 Новости 11.10 «Әр үйдің сыры басқа» 11.45 «Магия кухни» 12.20 «Подари детям жизнь» 12.25 М.ф. 12.50 «Бизнес сыры» 13.00 Түскі жаналықтар 13.15 «Семейные мелодрамы» 14.00 «Женский доктор»-2 15.00 Новости 15.15 «Бұйымтай» 16.00 «Өмір сабақтары» 16.30 «Алдар көсе» 17.00 Кешкі жаналықтар 17.15 «Нүкте» 18.00 Новости 18.15 «Сұлтан Сүлейман» 19.10 «Жекпе-жек» 20.00 Қорытынды жаналықтар 20.30 «Байконур: дорога к звездам» 21.00 Новости 21.30 «Гречанка» 22.20 «След» 23.10 «Біздің үй» 00.00 «Бұйымтай» 00.45 Жаналықтар 01.15 Новости 1.45 «Әр үйдің сыры басқа» 2.15 Жаналықтар

КТК

06.05 М.ф. 6.15 «Вау» 6.40 «КТК» қоржынынан» 7.25 «Қарадайы» 8.30 Жаналықтар 9.00 «Сарай ханымдары» 10.00 «Верное средство» 12.00 Новости 12.30 «Морские дьяволы. Смерч» 14.25 «Семейные драмы» 16.25 «Махаббат мұны» 17.20 «Махаббатта шек бар ма?» 18.35 «Тағдырмен тартыс» 19.35 «Тағдырмен тартыс» 20.30 Жаналықтар 21.00 Вечерние новости 21.30 «По горячим следам» 23.20 «Морские дьяволы. Смерч» 1.00 «Земский доктор. Жизнь заново» 1.50 «КТК» қоржынынан» 2.35 Жаналықтар 3.00 «Сарай ханымдары» 3.45 «Қарадайы» 4.35 «Вау»

Еуразия бірінші арнасы

6.00. «Склифосовский» 6.50 Жаналықтар 7.00 «Доброе утро» 11.00 «Была любовь» 12.00 «Карпов» 13.00 «Сүйген жар» 13.50 «Джодха және Акбар» 14.40 «Ашығын айтканда» 15.30 Жаналықтар 15.40 «Судебные истории» 16.40 «Давай поженемся» 17.45 «Пусть говорят» 18.55 «Раскаяние» 20.00 Главные новости 20.40 «Сүйген жар» 21.40 Басты жаналықтар 22.20 «Джодха және Акбар» 23.15 «Паутина» 23.40 «Дом с лилиями» 1.35 «Паутина» 2.00 «Склифосовский» 2.45 «Ашығын айтканда» 3.30 «Контрольная закупка»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.35 Новости 7.55 Жаналықтар 8.15 «Әзілстан» 8.30 «Такси» 9.00 «Жетім өссе» 10.30 «Фериха» 11.40 «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мадхубала» 13.00 М.ф. 13.10 «Біз біргеміз» 13.35 М.ф. 13.55 М.ф. 14.10 «Порох и дробь» 15.15 «Жетім өссе» 16.35 «Казнет» 16.55 «Домашние войны» 17.30, 22.00 «Фериха» 18.40 «Қыз ғұмыры» 19.20 «Мадхубала» 20.00 Жаналықтар 20.20 Ел аузында

20.30 Новости 20.50 «Порох и дробь» 23.00 «Сырты бүтін...» 23.25 Жаналықтар 23.45 Новости 00.05 «Мұрагер» 1.15 Ән шашу

**ЖҰМА
31 шілде
ҚАЗАҚСТАН**

7.00. Концерт 8.00 Таңшолпан 9.35 «Жүзден жүйрік» 10.00. «Жедел жәрдем» 10.50 «Айтұға онай...» 11.35 «Болашақ» 12.30 «Өнер шежіресі» 12.40 «Иман айнасы» 13.00 «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» 13.25 «Көкпар» 14.10 «Баламен бетпе-бет» 14.30 М.ф. 14.50 «Джунгли кітабы» 15.00 «Әйел бақыты» 16.10 «Келін» 17.00 «Ұлы дала дүбірі» 17.30, 20.30, 00.00, 3.00. Жаналықтар 17.50 «Жанында жүр жаксы адам» 18.25 «Ғасырлар үні» 19.00 «Жайдарман» Үздік әзілдер 19.35 «Болашақ» 21.05 «Айтұға онай...» 21.50 «Шын жүректен!» 22.45 «Келін» 23.40 «Алып тұлғалар» 00.35 «Ою-өрнек құпиясы» 1.55 «Ғасырлар үні» 2.55 «Ұлы дала дүбірі»

ХАБАР

7.02 «Айтұмар» 08.00 «Әсем әуен» 8.30 «Аймақтар аламан» 9.30 «Динофроз» 10.00 Таңғы жаналықтар 10.10 «Гречанка» 11.00 Новости 11.15 «Әр үйдің сыры басқа» 11.45 «Магия кухни» 12.20 «Подари детям жизнь» 12.25 М.ф. 12.35 М.ф. 13.00 Жаналықтар 13.15 Д.ф. 14.10 «Женский доктор»-2 Т.с. 15.00 Новости 15.15 Бұйымтай 16.00 «Өмір сабақтары» 16.30 «Ұлт саулығы» 17.00 Кешкі жаналықтар 17.15 Бармысың, бауырым? 18.00 Новости 18.15 «Сұлтан Сүлейман» 19.10 «Ой жүйрік» 20.00 Қорытынды жаналықтар 20.30 «Тур де Хабар» 21.00 Новости 21.30 «План побега» боевик 23.30 «Құрбылар» 1.30 Жаналықтар 2.00 Новости 2.30 Деректі драма 3.00 Жаналықтар.

КТК

06.05 М.ф. 6.15 «Вау» 6.40 «КТК» қоржынынан» 7.25 «Қарадайы» 8.30 Жаналықтар 9.00 «Сарай ханымдары» 10.00 «Верное средство» 12.00 Новости 12.30 «Морские дьяволы. Смерч» 14.25 «Семейные драмы» 16.25 «Махаббат мұны» 16.50 «КТК» қоржынынан» 17.45 «Қарадайы» 20.30 Жаналықтар 21.00 Вечерние новости 21.30 «Маша» мелодрама 23.20 «Сатисфакция» мелодрама 01.10 «Тайный шоу бизнес» 2.00 «КТК» қоржынынан» 2.45 «Той Бест Стар» 3.55 Жаналықтар 4.20 «Сарай ханымдары»

Еуразия бірінші арнасы

6.00. «Склифосовский» 6.50 Жаналықтар 7.00 «Доброе утро» 11.00 «Была любовь» 12.00 «Карпов» 13.00 «Сүйген жар» 13.50 «Джодха және Акбар» 14.40 «Жұма уағыз» 14.55 «Қылмыстық іс №» 15.30 Жаналықтар 15.40 «Сокровище» 17.30 «Жиди меня» 18.40 «Поле чудес» 20.00 Новости 20.40 «Сүйген жар» 21.40 Басты жаналықтар 22.20 «Джодха және Акбар» 23.10 «Паутина» 23.40 «Три аккорда» 1.25 «Паутина» 1.45 «Склифосовский» 3.30 «Қылмыстық іс №» 3.50 «Чародей»

АСТАНА

7.00 Ән шашу 7.30 Новости 7.50 Жаналықтар 8.10 «Әзілстан» 8.30 «Такси» 9.00 «Жетім өссе» 10.30 «Фериха» 11.40 «Қыз ғұмыры» 12.20 «Мадхубала» 13.00 М.ф. 13.10 «Сырты бүтін...» 13.40 «Күлдірген» 14.00 М.ф. 14.10 «Порох и дробь» 15.15 «Жетім өссе» 16.40 «Казнет» 16.55 «Домашние войны» 17.30 «Фериха» 18.40 «Қыз ғұмыры» 19.20 «Мадхубала» 20.00 Жаналықтар 20.20 «Ел аузында» 20.30 Новости 20.50 «Порох и дробь» 22.00 «Фериха» 23.00 «Ел аузында» 23.25 «Мұрагер» 00.35 Ән шашу

**СЕНБІ
1 тамыз
ҚАЗАҚСТАН**

7.00 Концерт 8.00 «Қымызхана» 9.00 «Сенбілік тан» 10.05 «Елсіз аймақта» 11.40 «Ұлттық шоу: Роза шақырады» 13.00 «Білгірлер бәйгесі» 13.45 «Поэзия әлемі» 14.15 «Махаббат кегі» мелодрама 16.05 «Жібек сезім» Медет Салыковтың шығармашылық кеші 17.30 Жаналықтар 17.50 «Қазақстан би әлемі» 18.10 «Қара шанырақ» 20.30 Жаналықтар 21.00 «Сенбілік кездесу» 22.30 «Жайдарман» 00.05 Жаналықтар 00.40 «Махаббат кегі» мелодрама 2.25 «Дауа» 3.00 Жаналықтар

ХАБАР

07.02 «Ду-думан» 8.30 «Әсем әуен» 9.00 «Бармысың, бауырым?» 9.40 «Продовпрос» 10.00 «Ұлт саулығы» 10.30 М.ф. 10.45 М.ф. 11.00 М.ф. 12.30 «Красная шапочка» 13.30 Концерт 14.15 «Бұйымтай» 15.00 «Тур де Хабар» 15.30 «Жұлдызды дода» 17.10 Кино. «Дорогая, мы себя уменьшили» 18.55 «Аида» операсы

19.45 Бенефис-шоу 21.00 «Легенды: гробница дракона» Кино 22.40 «Құрбылар» 00.40 «Біржан-Сара» операсы 2.45 «Әсем әуен»

КТК

7.05 М.ф. 7.20 «Илья Муромец» Кино 9.00 «КТК» қоржынынан» 10.00 «Удиви меня!» 11.00 «Звездная жизнь» 12.00 Новости 12.30 «Маша» 14.20 «Путь на олимп» 15.00 «Махаббатта шек бар ма?» 16.50 «Той Бест Стар» 18.15 «Қарадайы» 21.00 «Очная ставка» 22.00 «Беременна в 16» 23.00 «Искушение» мелодрама 00.45 «Ревизорро» 1.35 «Той Бест Стар» 2.45 «КТК» қоржынынан» 3.30 «Илья Муромец» Кино

Еуразия бірінші арнасы

06.00 «Чародей» 8.30 «Паутина» 8.50 Жаналықтар 9.00 Новости 9.10 Смак 9.45 «Заезжий молодец» мелодрама 11.40 «Фабрика грёз» 12.05 «Ду кол шоколад» 13.00 «Караоке такси» 13.30 «101 кеңес» 14.00 «Паутина» 15.00 «Угадай мелодию» 15.45 «Добрый вечер, Казахстан» 16.55 «Подмена в один миг» Х.ф. 20.00 «Первая программа» 20.35 «Подмена в один миг» Х.ф. 21.30 «Кешкі кездесу» 22.30 Сенбілік жаналықтар 23.20 «Ән дария» 00.00 «Звездный десант: вторжение» Кино 1.35 «Караоке такси» 2.00 «101 кеңес» 2.20 «Склифосовский» 4.00 «Таңғы пошта»

АСТАНА

8.00 Ән шашу 9.10 «Әзілстан» 9.25 Суперпапа 10.05 М.ф. 10.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН БИЗНЕС

«Даму» Қорының аймақтық филиалы және «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатымен бірлесе отырып ұйымдастырылған жас бастаушы кәсіпкерлер үшін «Кәсіпкерлік негіздері» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинар барысында тақырыпқа сәйкес жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту жөнінде көптеген мәселелер қозғалды. Қызылорда облысының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының консультанттары облыс бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы туралы, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан бизнеске көрсетілетін қолдау түрлерін, бизнес-жоспарды жазудың инструкциясы туралы және кәсіпкердің бухгалтерлік және салықтық есебі қалай дайындалып, тапсырылатыны жөнінде презентация жасау арқылы түсіндірді. Мысал ретінде Қызылорда облысы бойынша бағдарламаның түрлі бағыттарымен мемлекеттік қолдау алған жобалар көрсетілді.



Сондай-ақ, қатысушылардың басым бөлігі 18 – 29 жас аралығындағы жастар болғандықтан, жақында бастау алған «Startup Bolashak» бағдарламасы таныстырылып, осы конкурсқа қатысу шарттары түсіндірілді. Конкурс ережесіне сәйкес «Startup Bolashak» конкурсына жасы 18-ден 29-ға дейінгі Қазақстан Республикасының барлық азаматтары қатыса алады. Конкурсқа «Болашақ» ассоциация тарапынан 3 грант тағайындалған, яғни I орын – 7 млн. теңге, II орын – 5 млн. теңге, III орын – 7 млн. теңге. Сондай-ақ «BI Group» холдингі қосымша 10 млн. теңге көлемінде грант тағайындап отыр. Тағы бір ерекше атап өтетін мәселе, ол - ең қызықты, ерекше идея авторлары «Байтерек» холдингінің қолдауына ие болады, яғни технологиялық дамыту бойынша Мемлекеттік агенттіктің инновациялық гранттарын алуға мүмкіндік алады және «Даму» қорының құралдарын қолдану арқылы ең төменгі пайызбен несие ала алады.

«Өткізіліп отырған семинар мен үшін өте пайдалы болды. Аталмыш семинардан кәсіпкерлерге, оның ішінде жас кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау түрлері жөнінде көптеген қызықты, пайдалы мәліметтер алдым. Сонымен қатар, кәсіби біліктілігі жоғары мамандардан кеңес алу арқылы бизнес ашуға деген қызығушылығым артты», - деді өз сөзінде семинарға қатысушы Ибрагимұлы Рауан.

Жастар – ол Қазақстаннымыздың жарқын болашағы және кәсіпкерліктің негізі болып табылады. Нарық талабына сай жастарды бизнеске көптеп тартуымыз қажет. Қазіргі жастар алдына қойған мақсатқа жетуге ұмтылатын, өте жігерлі және бастамашыл.

Жас кәсіпкерлікті қолдауды мақсатты бағытта және дұрыс ұйымдастыру арқылы, аймақтық және еліміздегі кәсіпкерліктің дамып, өркендеуіне қолайлы жағдай жасаймыз. Осылайша аймағымыздың экономикасы өседі, инвестициялық тартылу артып, әлеуметтік тұрақтылық жоғарылайды.

Айнұр АЛМАСОВА

Жастар біздің болашағымыз деп Елбасы айтқандай жастар легі қай кезде де алда. Ол тіршіліктің қозғаушы күші. Ерік-жігері, қажы- қайраты тасып, білімімен ұштасқан болашақты биікке көтеретін ұрпақты мойындамауға хақымыз жоқ. Дарынды да келешек кемеңгер саны күн сайын артып келеді. Олардың әлі де әлемді аузына қаратар ғажайыптары толып жатыр.

«СЫР ҮМІТІ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАН

Облысымызда бес жылдан бері жастардың азаматтық және қоғамдық саяси белсенділігі артып-білім, ғылым, өнер, мәдени деңгейінің шарықтауы жұртшылықтың арман- тілегі. Олай болса оларды қолдау мақсатында 14 пен 29 жас аралығындағы барлық белсенді жастарды «Сыр үміті» сыйлығымен марапаттау дәстүрге айналған. «Сыр үміті» иегерлері қай салада болмасын аянбай еңбек етіп, өз ісін үздігі, маманы ретінде танылып келеді. Осынау 2011 жылдан бері 30-дан аса саланың 120 белсенді жастары марапатталса, биылда бұл сыйлықпен өз саласының 30 үздіктері қол жеткізді. Аталмыш сыйлыққа облыстың әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуына сүбелі үлес қосқан және өз жетістіктерін одан әрі ел игілігіне жұмсайтын жастар иеленеді.Сыйақының көлемі 150 мың теңгені құрайды. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жүзеге асып жатқан сыйлықты тағайындаудың өзіндік ережесі бар. Қойылатын талаптар:

14 пен 29 жас аралығындағы облыстың барлық жастары. Қызылорда облысы жастарына арналған «Сыр үміті» атты сыйлығының тағайындалуының басты қағидасы облыс жастарының мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жетілдіру және дамытудағы қосқан үлесі болып табылады. Сонымен қатар, өз саласының және қоғамның жалпы дамуына қосқан үлесі мен инновациялық идеялары қосқандары.

Қызылорда облысы жастарына арналған «Сыр үміті» атты сыйлығы төмендегі бағыттар бойынша облыстың дамуы мен өркендеуіне сүбелі үлес қосқан белсене атсалысқан жастар үшін тағайындалады:

- өз саласы бойынша жоғары және жақсы көрсеткіштерге, жетістіктерге қол жеткізгені үшін;
- әлеуметтік маңызды жобалар және қоғамдық өмірге белсене қатысуы;
- мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру және жетілдіру бойынша қосқан жаңашыл бастамалары;
- жеке басының жетістіктері;
- аудандық, қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысуы және жеңімпаз аталуы.

Қызылорда облысы жастарына арналған «Сыр үміті» атты сыйлығы ұлты, нәсілі, жынысы, діні, білім деңгейі мен әлеуметтік жағдайына шектеу қойылмайды. Қызылорда

облысы жастарына арналған сыйлық отыз жасқа сыйлық көлемі-150 000 (бір жүз елу мың теңге) тағайындалады. Бір адамға екі мәре сонымен қатар, осы уақытқа дейін осы сыйлықты алған жастарға қайта берілмейді.

Қызылорда облысы жастарына арналған «Сыр үміті» сыйлығы үш кезең бойынша ұйымдастырылады:

-бірінші кезең: үміткерлерді іріктеу (2015 жылғы 4

тамыз);

-екінші кезең: «Сыр үміті» сыйлығының жеңімпаздарын анықтау (2015 жылғы 7 тамыз);

-үшінші кезең: «Сыр үміті» сыйлығының иегерлерін марапаттау (2015 жылғы 12 тамыз).

Қызылорда облысы жастарына арналған «Сыр үміті» сыйлығына үміткерлер мына төмендегі құжаттарды 2015 жылдың 1 тамызына дейін «Самұрық» ииновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорына (Қызылорда қаласы, Төле би көшесі №47/2 үй) тапсыруы қажет:

-жұмыс орнынан /оқу орнынан/, саласы бойынша мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардан ұсыным хаттары (қол жеткізген жетістіктері мен марапаттарын көрсете отырып);

-түйіндеме (қазақ және орыс тілдерінде жазылған, 3x4 фотосуретімен);

-өмірбаяны;

-жұмыс орнынан /оқу орнынан/ анықтама;

-орта арнаулы немесе жоғары білімі туралы диплом (көшірмесі);

-жетістіктері (алғыс хаттары, мақтау қағаздары, дипломдары және тағы басқа)/ сканер арқылы жасалған көшірмелері/;-«Мен осы сыйлыққа неге лайықтымын?»-тақырыбында жазылған көшірмелері/;

-Мен осы сыйлыққа неге лайықтымын?» тақырыбында жазылған эссе (кемінде 1,5-2 беттен кем емес);

-мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру бойынша өткізген, қатысқан шаралары жайлы мәлімет, жарияланған мақалалар, жүзеге асырған жобалары және басқа да ұсыныс, кепілдеме хаттары;

-10x15 фотосуреті (1 дана, электронды нұсқасымен);

-жеке куәлігі (көшірмесі), тұрғылықты мекен-жайы бойынша анықтама.

Құжаттар бекітіліп, беттеліп ұсынылуы қажет (портфолио түрінде).

Ескерту: Тапсырылған құжаттар рәсімдеу талаптарына сәйкес келмеген немесе толық ұсынылмаған жағдайда қарастырылмайды.

Қосымша ақпараттарды «Самұрық инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорынан алуға болады.

Байланыс телефоны: 26-23-35, 8-747-898-43-47.

КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕТ БҰРҒАНДАР БАС ҚОСТЫ

«Нұр Отан» партиясының «Мықты бизнес – Қуатты мемлекет» жобасы аясында «Нұр Отан» партиясы Арал аудандық филиалы және аудандық «Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімімен» бірлесе аудандық партия филиалының мәжіліс залында «Арал ауданындағы жас кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

Елбасы өз жолдауында шағын және орта бизнесті дамыту –XXI ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы екендігін атап көрсеткен болатын. Қазіргі уақытта елімізде кәсіпкерлік саласын дамытуға аса көңіл бөліп отырғандығы баршаға мәлім. Осы мақсатта «Қазақстан Республикасының

Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы туралы» Заңы негізінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы барлық облыстар мен аудандарда құрылып жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда көрсетіліп жатқан

мемлекеттік қолдаулар кәсіпкерлер үшін маңызы зор деп үлкен сеніммен айтуға болады. Осы және өзге де кәсіпкерлік бағытында ой өрбіту үшін «Арал аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп



және туризм бөлімі» басшысы Н. Ахметовке, «Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасының Арал аудандық филиалының» директоры К.Еңсеповке, Арал аудандық Жастар ресурстық орталығы КММ –нің аға

кеңесшісі С.Әзілхановқа, «Жас Арал өрендері» Жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы М. Маханбетжановаға және жеке кәсіпкерлер Т.Дәрмағанбетовке, И.Жұмашева-

ларға басқосуда сөз берілді. Олар тақырып төңірегінде өзекті мәселелерді көтеріп, кәсіп ашамын деген жандарға тұщымды жауаптарын беріп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Меншік иесі АҚПАРАТ.KZ

Бас редакторы
Бибайша АЛПЫСБАЕВА

Жауапты хатшы
Думанай АБДУЛПАТТАЕВА

Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Газет «Ақпарат.kz» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы Ақмешіт мөлтек ауданы 11 үй, 35 пәтер, телефон: 22-28-71

Газеттің сапасына «PRINT» баспаханасы жауап береді. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Тел: 27-61-62 Тапсырыс № Таралымы: 2977 дана

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде 2006 жылдың 1 наурызында тіркеліп, тіркеу туралы №6963-Г куәлігі берілді

ТАРАЛУ АЙМАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ